Қазіргі кезде тұлғаның мағыналы құрылымы деп тұлғаның үнемі бірқалыптылығы мен тұрақтылығын сипаттайтын және оның құрылымының элементтерін құрайтын субъектінің қоршаған ортаға деген шынайы қатынасын айтады. Тұлғаның мағыналы құрылымы мен оның қалыптасуы жөніндегі мәселелер көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, жарияланды (М.М. Бахтин, Н.А. Бердяев, В.Н. Ильин, Н.Ф. Лосев, В.В. Розанов, В.С. Соловьев, С.Л. Франкл және т.б.). Батыс гуманистік психология өкілдерінің іргелі зерттеулері (Ж.П. Сартр, М. Мерло-Понти, Э. Гуссерль, М. Хайдеггер, К. Роджерс, А. Маслоу, В. Франкл, А. Лангл) және орыс психологтарының салмақты, тұжырымдамалық жұмыстары (А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, А.Г. Асмолов, Б.С. Братус, В.П. Зинченко, В.А. Иванников, А.А. Кроник, Д.А. Леонтьев, В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев, В.А. Петровский, Е.В. Субботский және т.б.). Мағына мен тұлғаның мағыналы құрылымның қалыптасу мәселелері іс-әрекеттік, жүйелік бағыттар мен экзистенциалды психология, феноменология аясында да зерттеледі. Осыған қарамастан, тұлғадағы мағына құрылу мәселелерінің жекелеген сұрақтары осы күнге дейін терең зерттелмей, ғылымда ол мағынанылы құрылымның қалыптасу процестері жөніндегі жалпы қабылданған түсініктен алыс кете алмай отыр.

Сонымен қатар тұлғаның мағыналы құрылымы мен оның психологиялық механизмдерін зерттеу туралы қолда бар білімдерге сүйенбейінше, кәсіби (педагогикалық) қызметтегі білім беру саласындағы тұлғаны дамыту мен қалыптастыру, оны басқару секілді мәселелерді айтарлықтай жетілдіру мүмкін емес. Мысалы, тікелей немесе жанама түрде білім берудегі барлық ұсынылған инновациялық технологиялар, қоғамдық субъектінің өзін-өзі анықтауы мен мамандық таңдауы, өмір жолын іздеуі, білім кеңістігін түсінуі секілді дүниетанымдық көзқарасын, оның мағыналық түсініктерінсіз елестету мүмкін емес. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларының мағыналы құрылымын оқыту процесінде қалыптастыру қазіргі кезде кезде өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі кезде еліміздің өркениетті-техникалық дамуында, қоғамның өндіргіш күші болып табылатын адам мүмкіндіктерін барынша арттыру, оның электрондық жүйелермен байланысын арттыру секілді күрделі міндеттерді шешу де тұлғаның мағыналы құрылымын дамыту мен қалыптастыруды қажет етеді.

Дәстүрлі іс-әрекет бағытында мағына мәселесі мотивтің мақсатқа қатынасы ретінде қарастырылды, яғни мұны А.Н. Леонтьевтің өз сөзімен айтқанда мағына бұл: «мотивтің мақсатқа айналуы», болып табылады [1]. Мұның мәнін адамның алғаш қалыптасқан мінез-құлық мотивінің мазмұны іс-әрекет барысында өзгеріп, оның өмірлік мақсатына айналуымен түсіндіруге болады. Оның іс-әрекет жөніндегі тұжырымдамаларында мағына мәнінің жеке жағдайы ретінде қарасты-

рылады. Мағына дегеніміз «мен үшін мән болып табылады», - дейді ол бір еңбегінде [1, 209 б.]. «Мағына ұғымы – шындықты психикалық бейнелеу, яғни психикамен байланысты болатын тіршіліктің сол түрімен бірге пайда болған қатынасты білдіреді. Бұл тіршілік қатынасының осы түрі үшін өзіне тән ерекшелік болып табылады. Мағыналы, яғни осы қатынасқа бағынатын іс-әрекет қана психикалық іс-әрекет болып табылады» [1]. Олай болса, тұлғаның жасаған кез келген іс-әрекеті мағыналы болып табылады. Сондай-ақ, А.Н. Леонтьев тұлғаның мағыналы құрылымы іс-әрекет үстінде өзгеріп іс-әрекет барысында дамидығын айтады. «Мағына затқа емес, іс-әрекетке тән. Іс-әрекетте ғана зат мағынаға ие болады», - дейді [1, 167 б.]. «Мағына сананы сыртқы дүниемен байланыстыра аламайды; тіпті ол мағынамен басқарылатын болса да, бұл қызметті нақты іс-әрекет атқарады, бірақ затпен қақтығысқанда, оның объективті және тұрақты қасиетінде нақты жүзеге асады, шынайы қасиетімен нақты затқа сәйкес өзгереді», - деп өзінің бұл ойын нақтылай түседі [1, 110 б.]. А.Н. Леонтьевтің бұл ойлары-нан мағынаның өздігінен енжер күйде кездесетіндігін, ол тек іс-әрекетте ғана белсенділікке ие болатындығын, сондай-ақ заттармен кездескенде пайда болып, нақты затқа сәйкес өзгертіндігін аңғарамыз.

Осы тұрғыдан, алғанда тұлғадағы мағына құрылу процесі белсенді іс-әрекет үстінде ғана дамып, іс-әрекет барысында өзгертін күрделі түсінік болып табылады. Сондықтан тұлғаның мағыналы құрылымын қарастыру үшін оны іс-әрекет үстінде ғана зерттеу керек.

Қазіргі кезде тұлғаның үнемі бірқалыптылығы мен тұрақтылығын сипаттайтын тұлға құрылымының жүйе құрушы белгісі, оның бағыттылығы екендігін көптеген психологтар мойындайды (А.Г. Асмолов, 1984; Л.И. Божович, 1968; А.Г. Ковалев, 1965; Б.Ф. Ломов, 1981; К.К. Платонов, 1986; С.Л. Рубинштейн, 2004; және т.б.). Тіпті И.Л. Божович өзінің тұлға жөніндегі тұжырымдамасында «тұлға құрылымы бар болғаны, оның бағыттылығымен анықталады», деп атап көрсетеді [7, 422 б.].

«Бағыттылық», - деп жазады Б.Ф. Ломов: «оның психикалық құрылымын анықтайтын, тұлға қасиеттерінің жүйе құрушысы ретінде жетекші орын алады. Атап айтқанда, осы қасиетте тұлғаның сол үшін әрекет ететін мақсаттары, оның мотивтері, шындықтың алуан түрлі жақтарына, оның субъективті қатынасы, оның сипатының барлық жүйелері көрінеді. Басты жоспарда бағыттылықты тұлғаның қоғамнан алатынын (материалдық және рухани құндылықтарын есептегенде), ол оған не береді, оның дамуына қандай үлес қосады, соған қатынасы ретінде бағалауға болады» [3, 311 б.]. Сонымен қоса, Б.Ф. Ломов «тұлғаны әртүрлі түсіндірулеріне қарамастан, жоғарыда келтірілген барлық бағыттар, оның жетекші сипаттамасы ретінде бағыттылығын бөліп шығарады. Әр түрлі тұжырымдамаларда бұл сипатты түрліше ашып көрсетеді: «динамикалық үрдіс» (С.Л. Рубинштейн), «мағына құрушы мотив» (А.Н. Леонтьев), «доминациялаушы қатынас» (В.Н. Мясищев), «негізгі өмірлік бағыттылық» (Б.Г. Ананьев), «адамның маңызды күштерін динамикалық ұйымдастыру» (А.С. Прангшвили) және т.б. Дегенмен, бұл сипаттарын ашып көрсетпей жатып, оған жетекші мән береді». – деп жазады [4, 60 б.].

Біз тұлғаның үнемі бір қалыптылығы мен тұрақтылығын сипаттайтын және оның құрылымының негізгі элементтерінің бірі болып табылатын адамның құнды бағдарлары болып табылады деп санаймыз. Себебі, психолог Б.С. Братусь адам өмірінің жалпы мағынасын, оның тұлғалық құндылығы ретінде сипаттайды. Ол: «...тұлғалық құндылық – бұл адамның саналы түрде қабылдаған, оның өмірінің жалпы мағынасы», - дейді ол [4, 412 б.]. Сонымен қоса, Б.С. Братусь адам өмірінің жалпы мағынасын тұлға санасының бірлігі ретінде де қарастырады. «Атап айтқанда, жалпы мағыналы құрылым (тұлғаның құндылықтары жағдайындағы – оларды саналы түрде сезіну) біздің көзқарасымыз бойынша адамның, ең бастысы, өмірдің негізгі шеңберіне – дүниеге, басқа адамдарға, өз-өзіне біршама тұрақты қатынасын анықтайтын, тұлға санасын айқындайтын (құрайтын) негізгі бірлігі болып табылады», - дейді Б.С. Братусь [5, 414-415 бб.]. Демек, адам өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың құндылығын саналы түрде ұғынып, түсінгенде ғана ол оның тұлғалық құндылығына айналады. Сондықтан, тұлға құрылымының жүйе құрушы белгілері болып табылатын құнды бағдарларлардың немесе тұлғалық құндылықтардың мағыналық сипатын ашып көрсетпейінше, оның құрылымының табиғатын түсіну мүмкін емес.

Тұлғалық құндылықтар өзінің саналы түрде сезілетіндігімен сипаттала отырып, оның санасында құнды бағдарлар түрінде бейнеленеді, сондай-ақ олар адамдардың өзара қатынастары мен индивидтердің мінез-құлықтарын әлеуметтік реттеуде маңызды рөл атқарады. Құнды бағдарлар деп әдетте тұлғаның ұстаған жолына, мінез-құлқына, қылықтарына бағыт беретін және мағына әкелетін, адамның өзіне, дүниеге деген жалпы ыңғайын анықтайтын, тұлғаның қатынастар жүйесінің бөлігін құрайтын, оның белсенділігінің мазмұны мен бағыттылығын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылысты айтады. Құнды бағдарлардың жүйесі көп деңгейлі құрылымдардан тұрады. Оның ұшар басында тұлғаның мұраттары, өмірлік мақсаттарымен байланысты болып келетін құндылықтары орналасады. Психолог З.Ф. Финбург: «тұлғаның құнды бағдарлар жүйесінің аса күрделілігі ... осы шеңберге барлығы тәуелді болатын, оның әлеуметтік детерминінің, көп қабаттылығы мен көп жоспарлы жанамалануының күрделілігі... Біз өз құрылымында өте күрделі, көп өлшемді объектімен жұмыс істейміз», - деген еді [6, 30 б.]. Тұлға құрылымының жүйе құрушы элементі болып табылатын құнды бағдарлар өзінің табиғаты жағынан алғанда әлеуметтік сипатта кездесетін, оның бағыттылығының негізі болып табылады. Бірақ адамдағы мұндай бағыттылық мағына болған жағдайда ғана тұлғаның құндылығына айналып, оның құрылымының жүйе құрушы элементі ретінде бекіп қалыптасады.

Кезінде австрия психологі В.Э. Франкл өзінің «Мағынаны іздеген адам» атты үлкен еңбегінде: «мағынаны табу – бұл жарты шаруа; оны тағы жүзеге асыру керек», - деген болатын [7, 63 б.]. Сондықтан, мағына А.Н. Леонтьев айтқан іс-әрекетте ғана жүзеге асады. Сондай-ақ, В.Франкл өз өмірінің мағынасын жүзеге асыра отырып, адам өзін-өзі жүзеге асырады дейді. В.Франклдің пікірінше өзін-өзі жүзеге асыру мағынаны жүзеге асыруды жанамалаудың тәсілі болып табылады. Ол әрбір адамның қаншалықты өз өмірінің қайталанбайтын мағынасын жүзеге асыруға ұмтылуы, оның соншалықты тұлға болып қалыптасуына көмектесетіндігін айтады. Олай болса, адам тұлға ретінде қалыптасу үшін, ең алдымен, өзіне қажетті құнды деп есептелетін заттың мағынасын тауып алу керек. Ал тауып алған мағынаны жүзеге асыру оның тұлға ретіндегі одан әрі дамуын сипаттайтын өзін-өзі жүзеге асыруының көрінісі деп айтуға болады.

Дегенмен тұлғаның мағыналы құрылымын сипаттайтын жоғарыда біз келтірген тұлғалық құндылықтарды қалайша дамытып қалыптастыруға болады. Міне бұл сұраққа жауап беру психологиядағы «субъекті-объектілік» қатынастан «субъекті-субъектілік» қатынас шеңберіне өтуді қажет етеді. А.Н. Леонтьевтің жұмыстарында адамның заттық іс-әрекеті субъекті-объектілік қатынас шеңберінде қарастырылғаны баршаға мәлім. Мұны психолог С.М. Жақыпов та растайды: «Л.С. Выготскийден бастау алған А.Н. Леонтьевтің дәстүрлі іс-әрекет теориясы өмірлік іс-әрекетті талдауда субъекті-объектілік қатынас аясында дайындалды», - деп атап көрсетеді [9, 137 б.]. Осыған байланысты Б.Ф. Ломов былай дейді: «Адамның әлеуметтік болмысы оның заттар әлемінде (табиғи және адамзат баласы жасаған) ғана емес, сол адам тікелей және жанама түрде байланыс жасайтын басқа адамдар қатынасынан да тұрады. Адам өзінің индивидуалды дамуында адамзат баласы жасағандарды іс-әрекет арқылы ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынасында да меңгереді... «Субъекті-субъектілік» қатынас жүйесі қарым-қатынаста қалыптасады, дамиды және көрінеді» [9, 37-38 бб.]. Тағы бір жерінде: «Олай болса, «қарым-қатынас» ұғымы шынайы қатынаста болатын ерекше категорияны, атап айтқанда «субъекті-субъектілік» қатынасты қамтиды», - дейді [9, 38-39 бб.]. Сөйтіп, Б.Ф. Ломов адамның мотивациялық-қажеттілік шеңберлерін, соның ішінде мағына құрылуды түсіну үшін дәстүрлі іс-әрекет бағытындағы «субъекті-объектілік» қатынас шеңберінен қарым-қатынастағы «субъекті-субъектілік» қатынас шеңберіне көшудің қажет екенін айтады.

Өзінің мағына құрылу жайлы жұмысында С.М. Жақыпов: «Сондықтан да қазіргі кезде индивидуалды іс-әрекетті зерттеуде алынған қарама-қайшы түсініктердің көлеңкесі арқылы біз кейде бірлескен іс-әрекетке көшуге мәжбүр боламыз. Нақты-ғылыми зерттеу мәселелері ретінде «субъекті-объектілік» қатынас мәселелерінен бұрын «субъекті-субъектілік» қатынас мәселелерін қою мүмкін емес еді. Бұл мотивтердің, мағыналардың, мақсаттардың дамуына ерекше қатысты болды», - дейді [8, 28 б.]. Осы айтылған пікірлерді ескере отырып, біз мағынаның табиғатын түсіну үшін бірде Б.Ф. Ломов айтқан «субъекті-субъектілік» қатынас

шеңберіндегі қарым-қатынасты, не болмаса С.М. Жақыпов айтқан бірлескен іс-әрекетті талдауға көшуіміз қажет.

Б.Ф. Ломов бірлескен іс-әрекет жағдайындағы қарым-қатынас барысында қалыптасатын ақпараттардың жалпы қорының әртүрлі психикалық процестерге әсерінің рөлін көрсетті. Бірақ мұнда білімдер жиынтығы қорының ақпараттық сипатына көбірек мән берілді. С.М. Жақыпов өзінің жұмыстарында бірлескен іс-әрекет жағдайындағы қарым-қатынас процесінде қалыптасатын білімдердің жиынтығы немесе білімдер жиынтығының қоры ақпараттар жиынтығының қорына қарағанда өзінің психологиялық мазмұны жағынан анағұрлым бай екенін ескертеді. Сондай-ақ, ол бұл жұмысында Б.Ф. Ломовтың еңбегінде психикалық процестерді детерминдейтін білімдер жиынтығы қорының тек сыртқы жағына ғана мән беріліп, ал оның ішкі психологиялық мағыналық жағына мән берілмегенін айтады. С.М. Жақыпов «... біздің түсінігіміздегі білімдер қорының жиынтығы осы білімдердің мағыналары қорының жиынтығымен тығыз байланысты», - дейді [10, 44 б.]. А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясында қабылданған терминіне сәйкес ұғымдар жүйесі ретіндегі білім, сөздердің мәні мен мағыналарының бірлігі болып табылады дей отырып, С.М. Жақыпов: «...білімдер қорының жиынтығын «бір медалдың екі жағы» болып табылатын мәндердің жалпы қоры мен мағыналардың жалпы қорының бірлігі ретінде қарастыруға болады», - деп түйіндейді [10, 44 б.]. «Олай болса, білімдер қорының жиынтығын, оны мән жағынан алып қарастырып, ақпараттық сипаттамасын ғана емес, сонымен қатар оны мағына жағынан қарастырып, оның мағыналы сипаттамаларында ескеру керек. Мұндай жағдайда қарым-қатынас ақпараттардың жалпы қорын құрып қана қоймай, жалпы мағыналар қорын құрудың құралы да бола алады», - дейді С.М. Жақыпов [10, 44 б.]. С.М. Жақыповтың айтуы бойынша мағыналардың жалпы қоры мағыналы құрылымдардың күрделі иерархиялық жүйесінен тұратын қарым-қатынас процесінде қалыптасқан, ақпараттардың жалпы қорын бейнелейтін, мағыналар жүйесі болып табылады. Оның пікірінше бірлескен іс-әрекеттің жүйе құрушы қызметін атқаратын мағына құрылу процесі бірлескен іс-әрекетте қалыптасады. Бірақ бұл процесс бірден қалыптаспайды, ол біртіндеп қалыптасады. Алдымен бұл процесс жалған бірлескен іс-әрекеттен басталады, ал соңынан ол бірлескен іс-әрекетке айналады. Жалған болуының себебі мынада. Әдетте адамның мотивациялық-қажеттілік шеңбері екі түрлі қызмет атқарады: оның бірі оятушы қызмет, ал екіншісі атқарушы қызмет. С.М. Жақыповтың айтуынша кішкене балада мотивтің оятушы қызметі болғанымен атқарушы қызметі болмайды. Себебі, ол дамып қалыптаспаған. Бұл қызметті баламен бірлескен іс-әрекетке түскенде үлкендердің өзі атқарады. Сондықтан, үлкендердің осы іс-әрекеті бала үшін жалған болады. Белсенділіктер біртіндеп үлкендерден балаға ауысқанда интериоризация процесі жүреді. Соның нәтижесінде бала үлкендер іс-әрекетінің қарапайым түрлерін меңгереді. Мұнда баланың ең алғашқы жалған индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Бала үлкендермен тағы да бірлескен іс-әрекетке түскенде осының негізінде оның бұл әрекеті күрделеніп, нәтижесінде баланың шынайы индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Мұнда атқарушы қызметтер үлкендер мен баланың арасында теңдей болуы мүмкін. Осы процесс бірнеше рет қайталанғанда баланың индивидуалды іс-әрекеті күрделеніп, соның салдарынан бірлескен іс-әрекет қалыптасады. Мұнда іс-әрекеттің мағыналары сәйкес келіп, бірлескен іс-әрекеттің ортақ мотиві құрылады. С.М. Жақыпов көрсетіп бергендей, бірлескен іс-әрекет диадасындағы қарым-қатынас барысында жүзеге асатын мағына құрылу процесі ортақ мақсат пен ортақ мотивтің қалыптасуына алып келгенде ғана ол психологиялық шындыққа айналады. Бірлескен іс-әрекетке қатысушылар вербалды және бейвербалды, сондай-ақ, эмоциялық ақпараттарды көбірек алмасады. Мұнда шешуші кезенді бірлескен іс-әрекеттегі серіктердің бір-бірінің мақсаттарын қайта құруы мен оларды қабыл алуы, сонымен қоса өзінің мотивациялық-мағыналық шеңберіне енгізуі болып табылады. Осының негізінде бірлескен іс-әрекетке қатысушыларда мағыналардың жалпы қоры қалыптасады. Бірлескен іс-әрекетте құрылатын мағыналардың жалпы қорынан оған қатысушылардың әрқайсысы өзіне қажеттісін тандап алады. Соның нәтижесінде әрбір тұлға өзі үшін құнды деп саналатын заттың құны мен мағынасын басқалармен бірлескен іс-әрекетте ұғынатын болады. «Бір бас жақсы, ал екі бас одан да жақсы», деген халық даналығы міне осыдан

келіп шыққан. Олай болса, тұлғаның үнемі бір ізділігі мен тұрақтылығын сипаттайтын және оның құрылымының бір элементі болып табылатын тұлғалық құндылықтар С.М. Жақыпов тұжырымдаған бірлескен іс-әрекетте ғана қалыптасып дамиды.

Тұлғалық құндылықтар идеологиялық, саяси, адамгершілік, имандылық және т.б. негіздер бойынша адамның қоршаған дүниені бағалауы мен олардың ішінен өзіне керегін таңдап алып, соған бағдарлануы болып табылады. Құндылықтар немесе құнды бағдарлар тұлғаның мұраттары, мақсаттары, нанымдары, қызығушылықтары және т.б. сипаттарында көріне отырып, адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі үстінде қалыптасады. Тұлғаның құндылықтары адамның ұстаған жолына, мінез-құлқына, қылықтарына, іс-әрекетіне бағыт беріп, мағына әкелетін, адамның өзіне, қоршаған дүниеге деген бағыттылығын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылады. Сондай-ақ, құнды бағдарлар тұлға құрылымында жетекші орын алатын, оның тұрақты сапасы ретінде сипаттала отырып, адамның қоршаған дүниеге қатынасы мен алуан түрлі іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын әлеуметтік реттеуде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Leont'ev A.N. *Filosofiya psihologii: iz nauchnogo naslediya / Pod red. A.A. Leont'eva, D.A. Leont'eva.* – М.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1994. 287 s.
2. Bozhovich L.I. *Lichnost' i ee formirovanie v detskom vozraste.* – М.: Posveshchenie, 1968. – 464 s.
3. Lomov B.F. *Metodologicheskie i teoreticheskie problemy psihologii.* – М.: Nauka, 1984. – 448 s.
4. Asmolov A.G. *Lichnost' kak predmet psihologicheskogo issledovaniya.* – М.: MGU, 1984. – 105 s.
5. Bratus' B.S. *Psihologiya lichnosti // Psihologiya lichnosti T.2. Hrestomatiya.* – Samara: Izd. Dom. «Bahrah-M», 2002. – S. 385-456.
6. Tazhibayev T.B. *Zheke bastuñ qındylyǵy oqıtu procesindegi birlesken is-arekette qalyptasatyn maǵyna qurılıduñ zhalpy qorınuñ nätizhesi / sbornik materialov nauchno-metodicheskoy konferencii «problemy podgotovki specialistov v sovremennyy period: Teoriya i praktika (Almaty, 28-30 maya 2003 g.).* – Almaty: AKNB RK, 2003. – S. 159-163.
7. Chelovek v poiskah smysla. – М.: Progress, 1990. – 189 s.
8. Dzhakupov S.M. *Psihologiya poznavatel'noj deyatel'nosti.* – Alma-Ata, 1992.
9. Lomov B.F. *Kategorii obshcheniya i deyatel'nosti v psihologii. / Voprosy filosofii.* – 1979. -№8. – S. 34-47.
10. Dzhakupov S.M. *Celeobrazovanie v sovместnoj deyatel'nosti: dis. ... kand. psihol. nauk: 19.00.01.* – М.: MGU, 1985. – 210 s.

М.М. Изат¹, С.Қ. Ошақпаева¹, К.Н. Жаппасбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ДАМЫТУШЫ ОЙЫННЫҢ ТИГІЗЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы ойынды дұрыс бағытта қолдану қарастырған. Психологтар мен педагогтардың жүргізген зерттеу жұмыстарын негізге алып, бала өмірінде ойынның маңызы көрсетілді. Дамытушы ойында дербестік, бастамашылық, ұйымшылдық сияқты қасиеттер қалыптасады, шығармашылық қабілеттер дамиды, ұжыммен жұмыс істей алады. Осының бәрі болашақ бірінші сынып оқушысына қажет.

Кілт сөздер: психологиялық даму, балалық шақ, дамытушы ойын, мінез-құлық.

Изат М.М.¹, Ошақпаева С.Қ.¹, Жаппасбаева К.Н.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ РАЗВИВАЮЩЕЙ ИГРЫ НА ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье рассмотрено использование развивающей игры в правильном направлении с учетом особенностей психологического развития дошкольников. На основе проведенных психологами и педагогами исследовательских работ было показано значение игры в жизни ребенка. В развивающей игре формируются такие качества, как самостоятельность, инициативность, организованность, развиваются творческие способности, умение работать в коллективе. Все это нужно будущему первокласснику.

Ключевые слова: психологическое развитие, детство, развивающая игра, поведение.

Izat M.M.¹, Oshakpaeva S.K.¹, Zhapbasbayev K.N.¹

¹Kazakh national pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty

PSYCHOLOGICAL IMPACT OF EDUCATIONAL GAMES ON PRESCHOOLERS

Abstract

The article considers the use of educational games in the right direction, taking into account the peculiarities of the psychological development of preschoolers. On the basis of the research works conducted by psychologists and teachers, the importance of the game in the child's life was shown. In the educational game, such qualities as independence, initiative, organization are formed, creative abilities are developed, and the ability to work in a team. All this is necessary for a future first-grader.

Key words: psychological development, childhood, developing game, behavior.

Ойын – балалар үшін еркін әрекет, бала бұрын өзінің мінез-құлқын басқаруға және жалпы қабылданған ережелер мен нормаларға сәйкес оны реттеуге үйренетін эмоциялар билігінде болады. Ойында еркіндік өзіне жүктелген рөлдері бар. Ойын баланың мінез-құлқын ғана емес, сондай-ақ оның ішкі өмірін де реттейді. Ойын-мектепке дейінгі балалар үшін ең тартымды қызмет.

Баланың дамуы өзіне тән психикалық даму заңдылықтары бойынша жүреді, ал мектеп типі бойынша оқуды ерте бастау арқылы дамытуды жылдамдату әрекеті, балалардың бұрмаланған дамуына, олардың психикалық денсаулығының нашарлауына әкеп соғады, бұл жағдайда балалардың мектепте оқуға жаппай дайын еместігі байқалады. Сондықтан балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде даярлау есебінен олармен сабақ өткізу түрінде оларды мектеп азаматына үйрететін балалық шақтың сақиналы кезеңін қысқарту орынсыз. Дамытушы ойын – бұл әлеуметтік мәні бар күрделі жүйемен негізделетін, өмірдің әрбір сатысында өзіндік мәні бар негіз.

Біз дамытушы ойын туралы және оның мектепке дейінгі баланың дамуындағы рөлі туралы айтқан кезде, мұнда екі негізгі мәселе тұр. Дамыту ойындарының дамуы туралы бірінші сұрақ, дамыту ойындарының шығу тегі туралы сұрақ, оның екінші сұрақ – бұл іс-әрекет дамуында қандай рөл атқарады, бұл ойын мектепке дейінгі жастағы баланың даму формасы ретінде білдіреді. Ойын жетекші немесе осы жастағы баланың қызметінің басым түрі бола ма?

Дамытушы ойын арқылы және ойында баланың санасы біртіндеп өмір сүру жағдайының өзгеруіне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа дайындалады, болашақ оқушыға қажетті жеке тұлғаның қасиеттері қалыптасады. Дамытушы ойында дербестік, бастамашылық, ұйымшылдық сияқты қасиеттер қалыптасады, шығармашылық қабілеттер дамиды, ұжыммен жұмыс істей алады. Осының бәрі болашақ бірінші сынып оқушысына қажет.

Мектепке дейінгі балалық шағында болған формадағы ойын өзінің даму мәнін жоғалтады және біртіндеп оқу және еңбек қызметімен ауыстырылады, оның мәні бұл іс-әрекет түрлері ойынға қарағанда, жай ғана белгілі бір негіз әкелетін, белгілі бір мақсатқа ие. Мектепке даярлық топ балалары үшін оқу үрдісінде ойындар үлкен қызығушылық тудырады. Бұл ойын баланың өз қабілеттерін тексеруге және дамытуға мүмкіндік беретін, оны басқа балалармен жарыстарға қосатын ойлауға итермелейтін ойындар.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен осындай ойындарға қатысуы олардың өзін-өзі растауына ықпал етеді, табандылықты, табысқа ұмтылуды және түрлі уәждемелік қасиеттерді дамытады. Мұндай ойындарда жоспарлау, болжау, табысқа жету мүмкіндігін өлшеу, баламаларды таңдау бойынша әрекеттерді қоса алғанда, ойлауын жетілдіріледі.

Ойын стихиялық емес, тәрбие процесінде қалыптасады. Баланың дамуына қуатты ынталандыру бола отырып, ол ересектердің әсерінен қалыптасады. Баланың пәндік әлеммен өзара іс-қимылы барысында ересектердің қатысуымен міндетті түрде, өзара іс-қимылды дамытудың белгілі бір кезеңінде балалар ойыны пайда болады [1].

Осы қабілеттің дамуының қозғаушы күші, оның ішкі құрылымы мен мазмұны туралы мәселе заңды түрде туындайды. Психикалық даму көздерін анықтау және зерттеу кезінде біз адамның мәні жеке адамға тән абстракт емес. Өз шындығында ол барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы бар. А.С. Арсеньев «бұл тұрғыдан тарих қарым-қатынас формаларының даму үрдісі ретінде де ұсынылуы мүмкін». Бұл дегеніміз, психикалық даму тарихы, және онтогенездегі тұлғаның қалыптасуының барлық процесі қарым-қатынас формаларының өзгеруі ретінде ұсынылуы мүмкін. Психологияда белгіленген онтогенездегі жетекші іс-әрекеттердің ауысуы баланың қоршаған адамдармен қарым-қатынас формаларының ауысуы ретінде түсіндіру мен жария етеді.

Балалар үшін ерекше рөлді мойындаған аса көрнекті австриялық психолог, психиатр және невролог З.Фрейд, одан кейін оның қызы – А.Фрейд ойында баланың жеке тұлғасының қорғаныш механизмін көрді. Бала өз ойын, – деп ойлаған ғалым – бала өзінің жеке уайымдарын қайталайды, ол әуел бастан өзіне тән көңіл-күй мен өмірде байқалатын қиын жағдайларға деген қажеттілікті шектейді [2]. Г.В. Плеханов ойын қызметінің шығу тегі және еңбек үшін материалистік түсінік негіздерін жүйелі түрде әзірледі. Г.В. Плеханов өзінің «мекен-жайсыз хаттарында» тезисті дәйекті түрде қорғады, оған сәйкес тек пән қызметінің нәтижелері бойынша

ойындар пайда болады және тек рөлдік мінез-құлық балаларға осы қызметтің қандай да бір тәжірибесін толық көлемде коммуникативті меңгеруге мүмкіндік береді. Г.В. Плеханов бойынша, ойын – бұл бір мезгілде ақыл-ой, қиял, сұлулық және әлеуметтік пайдалылық тән қызмет. Осылайша, ол алғашқылардың бірі болып балалар ойынының әлеуметтік табиғаты туралы сұрақ қойды. XX ғасырдың екінші жартысында американдық психолог және психиатр Э.Л. Берн идеясының таралуына ие болды, ол транзакциялық және сценарийлік талдаудың әзірлеушісі бола отырып, ойын феномені «...қайталанатын, кейде сыртқы шындыққа ұқсайтын, бірақ жасырын уәждемеге ие бір тектес транзакциялардың жиынтығы ...» ретінде қарады. Балалар ойынының мәселелерін әзірлеуге белгілі психолог, балалар мен педагогикалық психологиядағы ерекше бағыттың авторы Д.Б. Эльконин үлкен үлес қосты. Ол онтогенездегі ойынның пайда болу мәселелерін, ең алдымен, оның мектепке дейінгі жастағы дамуын зерттеумен айналысты. Ол ұсынған балалардың психикалық дамуының жас кезеңділігінің контекстінде (Л.С. Выготский және А.Н. Леонтьева еңбектерінің негізінде) мектепке дейінгі бала үшін жетекші рөлдік ретінде-соңғысының дамуының табиғи және мақсатқа сай детерминанты ретінде, оның психикалық функциялары мен қоршаған ортаны тану тәсілдерін ерекше атап көрсете отырып, қызметтің ойын түрін ерекше атап өтті. Д.Б. Эльконин рөлдік ойынының басым мәні бала осы ойын барысында оның қоршаған әлеуметтік шынайылығын моделдейді: «... ересек адамның рөлін өзіне алады және оның өмірін, қызметін және басқа адамдарға қарым-қатынасын ойната отырып, онымен бірге ортақ өмір сүреді...», басқаша айтқанда, әлеуметтендіріледі. Кеңес ғылымында оның оқушысы – В.В. Давыдовтың көзқарасы да кеңінен таралды. Мектеп жасына дейінгі баланың өміріндегі ойын түрінің басым мәні туралы өзінің тәлімгерімен келісе отырып, ол соңғысын тікелей оқыту қажеттілігін атап өтті. Бұл ретте қойылған міндеттерді шешу В.В. Давыдов ойын мен оқу-жаттығу элементтерін сауатты үйлесімде көрді: «мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде оңтайлы табыстарға қол жеткізуге болады, оларды танымға алып келеді. Алайда, мұны ойнату керек. Барлық танымдық мәліметтер мен іскерліктер мектеп жасына дейінгі балалардың ойында басым болуы тиіс», – деп ол дамыта оқыту концепциясы арқылы ойын технологияларын қолдануды өзектендіруге жақындады. Алғашқылардың бірі отандық ойын теориясын және басқа да көрнекті кеңестік философ және психолог – С.Л. Рубинштейн, жеке психологиялық мектептің негізін қалаушы. Ол «ойында баланың әлемге әсер ету қажеттілігі қалыптасады және көрінеді» деп ойлады, - ойын қызметін баланың қоршаған ортамен байланысына үнемі ойластырылған рефлексия ретінде қарады, сол арқылы соңғысы. Яғни, зерттеуші көзқарасындағы екпін баланың белсенділігі аймағына айтарлықтай ығыстырылды. Сонымен, балаға арналған ойын-бұл өте маңызды, және осындай басшылықты жүзеге асыру ересектерге арналған проблеманы құрайды деп отандық психолог А.С. Спиваковская атап өтті. Сондай-ақ, Д.Б. Эльконина көзқарасын бөлісе отырып мектепке дейінгі баланың ойын әрекетінің жетекші түрі туралы, ол оның соңғы психикалық дамуына көп қырлы әсерін атап өтті. «Ойыннан тыс баланың толыққанды адамгершілік және ерік дамуына қол жеткізе алмайды, ойыннан тыс жеке тұлғаны тәрбиелеу жоқ». «Ойын психологиялық мәселе ретінде ғылыми ой үшін әлі де көп фактілер береді, осы салада ғалымдарды ашу керек» .

Атақты психолог ғалымдары Л.С. Выготский, А.И. Леонтьев, А.С. Запорожец, Л.Д. Венгер, Д.Б. Эльконин, А.Р. Лурия, В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі іс-әрекеттердің ішіндегі ең маңыздысы шығармашылық белсенділіктің сапалығына назар аударады [3] .

Кез келген тапсырмада мектепке дейінгі балалардың назары түпкі мақсатқа, қызмет нәтижесіне, оны орындау тәсілдеріне бағытталған. Бұл бір жағынан балалар психикасының жас ерекшеліктерімен, екінші жағынан – оқу қызметінің қалыптаспауымен түсіндіріледі. Баланың ойлау іс-әрекетінің пайда болуы және түсініктерді қалыптастыру үшін оларды қандай да бір тапсырманы орындау тәсілдерін ұғыну қажет. Бұл балалардың оқу іс-әрекетін жүйелі қалыптастырған жағдайда жүріп отырады. Баланың санасын қызметтің түпкілікті нәтижесінен оны орындау тәсілдеріне қайта бағдарлау олардың өз іс-әрекеттерін түсінуіне алып келеді. Осылайша,

мектепке дейінгі балаларды оқу тапсырмасын орындау тәсілдерімен және олардың ойлау қызметін жетілдіруге ықпал етеді [4].

Балалардың ақыл-ой және жан-жақты дамуында қызықты дамыту ойындары, міндеттері, ойын-сауықтары үлкен маңызға ие. Олар балалар үшін қызықты, оларды эмоционалдық жаулап алады. Ал тапсырмаға қызығушылық негізделген жауап іздеуді шешу процесі ойдың белсенді жұмысынсыз мүмкін емес. Бұл ережемен және балалардың ақыл-ой және жан-жақты дамуындағы қызықты міндеттердің мәні түсіндіріледі. Ойындар мен жаттығулар барысында балалар өз бетінше шешім іздеуді меңгереді. Тәрбиеші балаларды соңғы нәтижеде шешімді (дұрыс немесе қате) жүргізетін қызықты міндеттерді талдау схемасымен және бағытымен ғана қаруландырады. Дамытушы ойындар ой, логика, кеңістіктік қиял, математикалық, конструкторлық және басқа да қабілеттер мен ойлау тәсілдерін дамытуға ықпал етеді [5]. Ең бастысы шығармашылық: бала әр түрлі тапсырмаларды орындай отырып, көптеген жаңалықтарды жасап, өз бетінше, шығармашылық ойлауға үйретеді. Мұндай ойындармен ойнауды ерте жастан бастауға болады. Тапсырмасылар өз "деңгейіне" дейін өз бетімен көтере отырып, қабілеттерінің дамуына алдын ала дамытуға жағдай жасайды, бала анағұрлым табысты дамиды.

Дамытушы ойындар мазмұны бойынша әр түрлі; олар барлық ойындар сияқты мәжбүрлемейді және еркін шығармашылық атмосферасын жасайды. Дамытушы ойында бала өзін ұжым мүшесі ретінде сезініп, өз жолдастарының әрекеттері мен іс-әрекеттерін әділ бағалай бастайды. Тәрбиешінің міндеті-сезімдер мен іс-әрекеттердің ортақтығын туындататын, балалар арасындағы достыққа, әділдікке, өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынастарды орнатуға ықпал ететін мақсаттардың назарын аудару. Дамытушы ойын-баланың ақыл-ой тәрбиесінің маңызды құралы. Мектепке дейінгі ұйымда және үйде алған білім ойында практикалық қолдану мен дамуды табады. Өмірдің әр түрлі оқиғаларын, ертегілер мен әңгімелерден эпизодтарды ойнай отырып, бала не туралы оқығанын және айтқан нәрселерді көріп, ойлайды; көптеген құбылыстардың мағынасы, олардың мәні оған түсінікті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Mektepke dejingi tərbiye men oqutudun ылgilik oqu baғdarlamasy, 2016 zh.*
2. *Vygotskij L.S. Igra i ee rol' v psichicheskom razvitii rebenka doshkol'noe obrazovanie (Pr.). – 2005. – №5.*
3. *Izgarsheva V.M. «Balabaқshaza arnalған ojynshyқtar men құraldar». – Almaty: «Mektep», 2000 zh.*
4. *Gorbatenko T.I. Osobennosti podrazhaniya detej doshkol'nogo vozrasta // Doshkol'noe vospitanie. – 1957. – № 3. – S. 25-32.*
5. *Gabbasov S. Pedagogika men psihologiya nepzderk. – Almaty, 2012. – 94, 281-293 b.b.*
6. *Kenzheahmetuly S. Ұlтық әдет-ғұрптың bizge bejmәlim 220 Түpi. – Almaty: «Sanat», 1998.*
7. *Ushakova O.S. Celostnyj pedagogicheskij process kak ob"ekt professional'noj deyatel'nosti uchitelya. – M., 1996.*
8. *Blonskij P.P. «Fylymi psihologiya ocherkteri”. – M.: Znanie, 1921. – 78 s*

МРНТИ: 15.81.57

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.05>

Акажанова А.Т.¹, Нурдаuletova З.Н.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПСИХИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ РАБОТНИКОВ ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ

Аннотация

В данной статье рассмотрены особенности психических состояний работников закрытых учреждений, возможность формирования положительных эмоциональных отношений с несовершеннолетними воспитанниками. Одной из актуальных проблем является изучение эмоциональной сферы личности сотрудников закрытого учреждения в психологической науке, рассмотрены аспекты позитивного формирования эмоциональных отношений с воспитанниками. Констатируется, что эмоциональное развитие зависит от содержания и структуры деятельности субъекта, характера его общения с окружающими людьми, усвоением правил поведения, и это доказывается экспериментом.

Цель результата исследований показал, что это во многом зависит от выполняемых сотрудниками функций, нравственно-психической их подготовки, профилактики ненормальных взаимоотношений, установления психологического контакта с осужденными, правильной организации их жизни и быта, позитивности процесса проведения индивидуальной и групповой психологической работы с воспитанниками в пенитенциарном учреждении.

Ключевые слова: пенитенциарное учреждение, закрытое учреждение, персонал, эмоциональное состояние, психологические стимулы, особенности личности, психодиагностика, интерпретация.

А.Т. Ақажанова¹, З.Н. Нурдаuletova¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ЖАБЫҚ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жабық мекеме қызметкерлерінің психикалық күйлерінің ерекшеліктері, психикалық құбылыстың эмоционалды қатынастарды қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған. Өзекті мәселенің бірі – психология ғылымындағы жабық мекеме қызметкерлер тұлғасының эмоционалды сферасының зерттелуі, олардың тәрбиеленушілермен жағымды қарым-қатынас құруының аспектілері сипатталған. Эмоционалды даму субъектінің іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымына, қоршаған адамдармен қарым-қатынастың сипатына, мінез-құлқы ережелерін меңгеруіне байланысты екені баяндалады, эксперимент арқылы дәлелденеді. Бұл зерттеулердің нәтижелері: қызметкерлердің атқаратын функцияларына, адамгершілік-психикалық дайындықтарына, қалыпты емес өзара қарым-қатынастардың алдын-алуына, бас бостандығынан айырылғандармен психологиялық байланыс орнатуға, өмірімен күнделікті тұрмысындұрыс ұйымдастыруға, пенитенциарлық мекемеде тәрбиеленушілермен жеке және топтық психологиялық жұмыс жүргізу процесі жағымды болуына байланысты түсіндіріледі.

Түйін сөздер: пенитенциарлық мекеме, жабық мекеме, қызметкерлер, эмоционалдық күй, психологиялық стимулдар, тұлғалық ерекшеліктер, психодиагностика, интерпретациялау.

A.T. Akazhanova¹, Z.N. Nurdavletova¹

¹KazNPU named after Abai
Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF THE MENTAL STATE OF EMPLOYEES OF PENITENTIARY INSTITUTIONS

Abstract

This article discusses the features of the mental states of employees of a closed institution, the possibility of forming emotional relations of a mental phenomenon. One of the urgent problems is the study of the emotional sphere of the personality of employees of a closed institution in psychological science, considering the possibility of positive formation of emotional relationships with students. It is stated that emotional development depends on the content and structure of the subject's activity, the nature of communication with other people, the assimilation of the rules of behavior, is proved by experiment.

The aim of this research is due to the fact that: depending on the staff of functions, moral and mental training, prevention of abnormal relations, establishment of psychological contact with the prisoners, and the proper organization of their everyday life, positivity of the process of individual and group psychological work with inmates at the prison.

Key words: penitentiary institution, closed institution, staff, emotional state, psychological stimuli, personality traits, psychodiagnostics, interpretation.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі ұлттық қауіпсіздіктің қауіп-қатердің алдын алу бойынша міндеттерді шешуде маңызды орынға ие және қылмыстылыққа қарсы әрекет етуге бағытталған мемлекеттік органдардың құрамдас бөлігі болып табылады. Демек, қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі жағдай, біздің мемлекетіміздегі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы жағдайына тікелей ықпал етеді. Түзеу мекемесі қызметкерінің қызметін психологиялық мағынада табиғи және қоршаған ортаның өзара байланыстарушы ретінде де қарастыруға болады. Оның зерттелу жолының екі аспектісі байқалады: адамның белсенділігіне бағытталған тұлға және нысан. Осыған ұқсас, онда жүзеге асырылатын қарым-қатынас және қызметке сараптама жасау. Түзеу мекемесі қызметкерінің тұлғалық қасиетін және шынайы психикалық қалпын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қарастырылып отырған эмоциялар түрлері – адамның бүкіл іс-әрекетімен ұласа жүреді, кез келген психикалық процеске енеді.

С.Л. Рубинштейннің айтуынша, бейнелеудің тұтас актісі әрдайым қандай да бір шекте екі қарама-қайшы компоненттердің – білім мен қатынастың, интеллектуалдықтың және аффективтіктің бірлігінен тұрады, олардың кейде бірі, кейде екіншісі басымдық танытады. Бұл жағдайды түсінбесек қызметкердің атқаратын қызметін дұрыс қабылдау мүмкін емес. Осындай келеңсіздіктерге байланысты колонияға түскен жасөспірімдерге жабық мекеме қызметкерлері көмек көрсете отырып тәртіпке, достыққа, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, имандылыққа, қоғамдық мүліктерді бұзбауға, әр бостандықта жүрген күннің қадірін білуге, оларды тәрбиелеп шығуға бар күшін салады. Сондықтан, жасөспірімдерге арналған жабық мекеме жайлы көптеген шетел және отандық психологтар өз зерттеулерін жүргізіп, еңбектер жазуда.

Шетел пенитенциарист-психолог ғалымдар (А.И. Ушатиков, Б.Б. Казак, В.Ф. Пирожков, Ю.А. Алферов, И.А. Воробьев, т.б.) Қазақстандағы бірқатар психолог ғалымдар пенитенциарлық мекемелерде зерттеулер жүргізіп олардың нәтижелерін ғылыми кітаптар мен журналдар бетінде жариялаған (А.Т. Акажанова, Г.К. Елшібаева, Т.Шалгимбаев) т.б. айта кеткен жөн [1].

Әдістері. Бүгінгі күні пенитенциарлық мекеме қызметкерлерінің психикалық күйін зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр. Бостандыққа шығатын тәрбиелушілермен қаншалықты жағымды қарым-қатынас орнатылады, қандай нәтиже болады – ол жабық мекеме қызметкерлеріне байланысты. Сондықтанда жүргізілетін диагностикалық зерттеулер нәтижелері қызметкерлердің психикалық қалпын анықтауға, сипаттауға жәрдемдеседі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: жабық мекеме қызметкерлердің кейбір психикалық күйлері туралы теориялық тұрғыда қарастырып, психодиагностиканы эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында психикалық күйлерінің ерекшеліктерін анықтау.

Д.Я. Райгородскийдің «Практическая психодиагностика» тест және әдістеме оқу құралынан алынған Ч.Д. Спилбергер – Ю.Л. Ханиннің, В.В. Бойконың қоршаған ортаны ынталандыру әсеріне эмоционалды реакция түрін диагностикалау әдістемесін жүргізу барысында ЛА-155/6 Алматы қаласы, Кәмелетке толмағандарға арналған мемлекеттік пенитенциарлы мекемедегі мекеме қызметкерлерінің мазасыздану деңгейін айқындау шкаласы бойынша зерттеу жұмысына психологиялық талдау.

Әдістеменің негізгі мақсаты: жеке адамның қасиеті ретінде алаңдаушылықтың деңгейін анықтау өте маңызды, себебі ол қасиет субъектінің мінез-құлқын жете білуге мүмкіндік береді. Алаңдаушылықты жеке және жағдайға байланысты (реактивті) қасиет ретінде жіктеп зерттеуде Ч.С. Спилбергердің әдістемесі көп қолданылуда, оны орысшаға аударып, бейімдеген Ю.Л. Ханин болды. Жағдайға байланысты алаңдаушылық адамның ширығушылық, абыржушылық, қамкөңілділік, күйгелектік, т.б сияқты эмоциялық жағдайларында туындайды.

Ю.Л. Ханин бойынша жағдайға байланысты алаңдаушылық адамда әртүрлі әлеуметтік-психологиялық күйзеліске (стресс) қарсы реакция ретінде пайда болады.

Бұл әдістеме бойынша тұлға өз алаңдаушылығының дәрежесін анықтай алады. Әдістеменің қорытындысы тұлғаның психодинамикалық ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, тұлғаның әрекет қабілеттілігі мен белсенділігін, оның темпераменті мен мінезінің параметрлерінің өзара байланысы туралы жалпы мәселені де қамтиды. Әдістеме тұлғаның кең көлемдегі субъективті сипаттамасы болып келеді, дегенмен бұл психодиагностикалық жоспарда оның құндылықтарын төмендетпейді.

Жекелік алаңдаушылықтың мөлшері тұлғаның өткен тәжірибесін сипаттайды, яғни, оның басынан кешірген жағдайға байланысты алаңдаушылықтың дәрежесін анықтайды. Жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылық шкалалары жеке-жеке болып келеді.

Нәтижелері. Зерттеуге қатысқан мекеме қызметкерлерінің саны 22 адамды құрайды. Жабық мекеме қызметкерлер құрамын зерттеу барысында өзін-өзі бағалау шкаласы екі бағыттан тұрады. «Жағдайға байланысты алаңдаушылық» (ЖБА) және «Жеке алаңдаушылық» (ЖА). Берілген тест сұрақтары ЖБА (жағдайға байланысты алаңдаушылық) 1-20 (20) сұрақ және ЖА (жеке алаңдаушылық) 21-40 (20) сұрақтан тұрады. Алынған жауап бойынша төмендегі формулаға салынып есептелді. Нәтижесі (1- кестеде) $ЖБ = E_1 - E_2 + 50$; $ЖА = E_1 - E_2 + 35$.

1 кесте. Д.Спилбергер – Ю.Л. Ханин бойынша жағдайға байланысты алаңдаушылық, жекеалаңдаушылықсандық көрсеткіші

Р/с	Қатысушылар	ЖБА	ЖА
1	Е	31	40
2	Г	42	45
3	М	39	33
4	А	42	36
5	Н	37	29
6	Б	35	32
7	А	34	34
8	А	35	34

9	Н	44	37
10	М	39	42
11	Д	33	45
12	М	33	41
13	М	40	40
14	С	40	44
15	М	38	46
16	Н	41	48
17	М	44	58
18	Е	37	45
19	Е	33	43
20	А	46	47
21	Ә	36	36
22	Д	33	40

Интерпретациялаудың талдау қорытындысы төмендегідей бағытта бағаланады: 30 балға дейін - төменгі алаңдаушылық; 31-45-орташа алаңдаушылық; 46-дан аса-жоғары алаңдаушылық.

Жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылықтың жалпылама психологиялық мәні де бар. Жағдайға байланысты және белсенді алаңдаушылықтың диагностикасы тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктері туралы жеткілікті түрде жорамалдауға мүмкіндік береді.

2-кесте. Жағдайға байланысты алаңдаушылық және жеке алаңдаушылықтың деңгейлік ерекшеліктерін жинақтауда төмендегідей сандық деңгейлік көрсеткішті анықтады.

р\с	Қатысушылар	ЖБА	деңгейі	ЖА	деңгейі
1	Е	31	орташа	40	орташа
2	Г	42	орташа	45	орташа
3	М	39	орташа	33	орташа
4	А	42	орташа	36	орташа
5	Н	37	орташа	29	төмен
6	Б	35	орташа	32	орташа
7	А	34	орташа	35	орташа
8	А	35	орташа	34	орташа
9	Н	44	орташа	37	орташа
10	М	39	орташа	42	орташа
11	Д	33	орташа	45	орташа
12	М	33	орташа	41	орташа
13	М	40	орташа	40	орташа
14	С	40	орташа	44	орташа
15	М	38	орташа	46	жоғары
16	Н	41	орташа	48	жоғары
17	М	44	орташа	58	жоғары
18	Е	37	орташа	45	орташа
19	Е	33	орташа	43	орташа
20	А	46	жоғары	47	жоғары
21	Ә	36	орташа	36	орташа
22	Д	33	орташа	40	орташа

3-кесте. Мекеме қызметкерлерінің жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылық деңгейінің көрсеткіші орташа. Сандық құрамы жоғары.

Р/с	қатысушылар	ЖБА деңгейі			ЖА дейңгейі		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен
1	22	1%	21%	0%	4%	17%	1%

Демек, жабық мекеме қызметкерлерінің жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылық деңгейі интерпретациялаудың талдау қорытындысы бойынша орташа деңгейі пайыздық көрсеткіш бойынша жоғары санды құрайды. Бұл көрсеткіштержабық мекеме қызметкерлерінің жағдайға байланысты алаңдаушылығы орташа деңгейде 21 пайыз жоғары көрсетіп тұр. Демек, адамның эмоционалдық жағдайын бағалай отырып, біз оның нақты көңіл-күйіне сәйкес қарым-қатынасты дамытып, тереңдете түсуге мүмкіндік аламыз және өзіміздің, оның және төңірегіндегілердің мүдделеріне орай ол адамға тиімді психологиялық ықпал етудің жолдарын іздестіріп, пайдаланамыз. Жеке алаңдаушылықта орташа деңгейі 17 пайызды көрсетсе ондай жағдайда жеке тұлғаның әр түрлі тұрмыстық жағдайлардағы әрекет-қылығын күні бұрын болжастыра алсақ, оның мінез-құлығын қажетті бағытта басқаруға және онымен ұнамды адам аралық қатынастар жасай отырып қосымша мүмкіндіктерге ие боламыз. Нәтижесінде адамның кез-келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты. Сонымен қатар тұлғаның дамуында нақтылы тарихи орта негізгі болып саналады.

Адамның ішкі жан дүниесі оның сөзі мен тілінен айқын көрінеді. Қандай сөздер мен тіркестерді қолдануына қарап, сөз ырғағы мен әуенін талдай отырып, сөйлеу процессіндегі тыныстары мен жеделдігіне орай жеке адамның ерекшеліктерін байқаймыз.

Кейбір қатынастарға байланысты адамдардың психологиялық бейнесі тұрақты келеді де, көбіне ауыспалы болады. Адамның сырт көрінісіне орай оның образы біршама өзгеріссіз сақталады. Осыдан біз адамды көпшілік ішінде ажырата білеміз. Және бір тұрақты сақталатын қасиеттер ол адам мінезі, қылық-әрекеті мен әдеттері. Академик П.К. Анохин адаммен жануарлардың мінез-құлқын бекітуде эмоцияларды маңызды деп көрсетеді. Эмоциялық әсерленулер эволюцияда тетік ретінде бекітілген, ол өмірлік дәрістерді оптималдық шекте ұстайды және өмірлік маңызы бар факторлардың жетіспеушілігінің немесе артықшылығының алдын алады деген көзқараста болды [3].

В.В. Бойконың қоршаған ортаны ынталандыру әсеріне эмоционалды реакция түрін диагностикалау әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының мақсаты: қоршаған ортаны ынталандыру әсеріне эмоциялық реакция түрін диагностикалау.

4-кесте. Қоршаған ортаны ынталандыру әсеріне эмоционалды реакция түрін диагностикалау әдістемесі В.В. Бойко.

р/с	код	Стимулдар								
		Негативті (теріс)			Амбивалентті			Позитив (оң)		
		1, 4, 7, 10, 13, 16, 19, 22, 25, 28, 31, 34,37			2, 5, 8, 11, 14, 17, 20, 23, 26, 29, 32, 35,38			3, 6, 9, 12, 15, 18, 21, 24, 27, 30, 33, 36,39		
		Э «а»	Р «б»	Д «в»	Э «а»	Р «б»	Д «в»	Э «а»	Р «б»	Д «в»
1	Е	10	2	-	6	6	-	7	4	1

2	Г	7	2	3	7	4	1	3	4	5
3	М	9	2	2	6	5	-	9	3	-
4	А	7	5	-	7	5	1	6	3	3
5	Н	12	-	-	5	6	1	11	2	-
6	Б	8	2	2	6	4	2	8	4	-
7	А	6	3	3	5	5	2	4	5	3
8	А	7	4	1	7	5	-	8	4	-
9	Н	6	6	-	5	6	1	8	1	3
10	М	9	3	-	7	4	1	11	1	-
11	Д	10	2	-	10	2	-	12	-	-
12	М	10	2	-	11	1	-	12	-	-
13	М	5	5	2	6	6	-	9	3	-
14	С	11	1	-	8	4	-	12	-	1
15	М	10	2	-	9	1	2	8	2	2
16	Н	6	4	2	4	6	2	7	4	1
17	М	6	3	3	11	-	1	7	5	-
18	Е	8	3	1	5	7	1	6	5	1
19	Е	9	2	1	8	2	2	9	1	2
20	А	3	8	1	8	2	2	3	7	2
21	Ә	8	3	1	9	3		5	6	1
22	Д	10	2	1	8	4		9	2	1
барлығы		177	64	23	156	88	19	173	66	25

5-кесте. Жеке тұлғаның стимулдары бойынша (негативті, амбивалентті, позитивті) эйфорикалық «а», рефрактерлік «б», дифорикалық «в» типтерін анықтау көрсеткіші

р/с	код	Стимулдар		
		Негативті, амбивалентті, позитивті	Негативті, амбивалентті, позитивті	Негативті, амбивалентті, позитивті
		Э «а»	Р «б»	Д «в»
1	Е	23	12	1
2	Г	17	10	9
3	М	24	10	2
4	А	19	13	4
5	Н	28	8	-
6	Б	22	10	4
7	А	15	13	-
8	А	22	13	1
9	Н	19	13	4
10	М	27	8	1
11	Д	32	4	-
12	М	31	3	-
13	М	20	14	2
14	С	30	5	1
15	М	27	5	4
16	Н	17	14	5
17	М	24	8	4
18	Е	18	15	3
19	Е	26	5	5
20	А	14	17	5

21	Ә	22	12	2
22	Д	26	8	2
барлығы		506	220	59

6-кесте. Тест сұрақтарына жауап бергендердің қорытынды пайыздық көрсеткіштері

р/с	Энергияны түрлендіру формуласы	
1	Эйфорикалық	23
2	Эйфорикалық-рефрактерлік	33
3	Рефрактерлік	10
4	Рефрактерлік-дифориялық	12,68
5	Эйфорикалық-дифориялық	25,68
6	Эйфорикалық-рефрактерлік- дифориялық	35,68
7	Дифориялық	2,68

Бұл көрсеткіштерден адамның психикалық күйлерінің ерекшеліктері эмоция мен сезімнің жеке үрдістер сипатында болғанымен, белгілі жағдайда біріне-бірі ұқсас, алайда олардың өзіндік мәндері ерекше және адамның жан дүниесінің әр алуан ерекшеліктерімен байланысты болады. Қарым-қатынастың кешенді әсерінің нәтижесінде адамның тұлғасы дамиды. Қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар болып табылады.

Адам өзі жөніндегі шындықты басқалардың оның іс-әрекетіне болған қатынасынан байқауына болады. Өз әрекеттері мен сол әрекеттерге берген басқалар бағасын салыстыра отырып адам жанама түрде өзінің қасиеттері мен сапаларын болжастыруына болады.

Ф.Б. Березин өзінің тұжырымында – бейімделу адамның психикалық аймағының деңгейінде көрінеді. Психикалық бейімделу жалпы бейімделудің көзі деп санайды. Бейімделудің сәтті өтуі психологиялық қорғаныспен мазасыздыққа қарсы тұру тетіктеріне байланысты. Психологиялық қорғаныс қандай да бір дау-жанжалды түйсінуге байланысты мазасыздық шамасын азайту немесе жоюға бағытталған тұлғаны тұрақтандырудың арнайы реттеуші жүйесі. Ресей ғалымы психологиялық қорғаныстың мынадай түрлерін көрсетеді: мазасыздық шақырушы, қауіп факторын сезінуге кедергі келтіруші, мазасыздықты фиксациялауға мүмкіндік беретін, түрткілер деңгейін төмендетуші, мазасыздықты жоюшы. [4].

Эмоционалды интеллект төмен деңгейдегі адамдар өзгелердің және өзінің эмоционалды күйін түсінбейді. Басқаларға қатысты жанашырлық, эмпатияны сезінбейді. Өз бойындағы эмоцияның пайда болу себебін түсіне алмайды, яғни рефлексия мен өзін-өзі талдау жүргізе алмайды. Мағынасы бойынша жақын эмоциялар (махаббат пен симпатия) арасындағы айырмашылықты сезінбейді. Өзінің және өзгелердің эмоцияларын саналы бақылай алмайды, қажет болған эмоционалды күйді тудыра алмайды. Эмоциялардың кенеттен өзгеруін сезіне алмайды, оларды физикалық күйлерде, түйсіктерде, ойларда идентификациялау қабілеті болмайды. Шынайы және жалған сезімдерді айыра ала қабілетінің болмауы.

Эмоционалды интеллект пен лидерлік арасындағы корреляцияны анықтау мақсатында Пирсонның r коэффициенті қолданылды.

Болжам:

H_1 : Эмоционалды интеллект пен лидерлік сапалар арасында өзара байланыс, яғни корреляция бар.

H_0 : Эмоционалды интеллект пен лидерлік сапалар арасында өзара байланыс жоқ, яғни корреляция жоқ.

Пирсонның корреляция формуласына сәйкес есептеулерден кейін, эмоционалды интеллект пен лидерлік арасында орташа корреляция бар екені анықталды, яғни H_1 болжамы ішінара қабылданды.

Қорыта келгенде, студенттерге жүргізілген зерттеудің нәтижесінде эмоционалды интеллект пен лидерлік сапалар белгілі бір тұрғыда өзара байланысты бола алады, әрі олар бірін-бірі толықтыра алатын құбылыстар деуге болады. Адам басқалардың және өзінің эмоцияларын толыққанды түсіне және басқара білсе, топ ішіндегі лидерлік сапаларының да: ұйымдастыру, шығармашылық, коммуникативтік т.б. жоғары деңгейде болу ықтималдылығы жоғарырақ, ол лидер ретінде өзінің артынан ерушілермен қандай да бір тиімді қарым-қатынас орната алуға қабілеті артығырақ, эмоцияларды түсінудің арқасында шиеленісті мәселелерді болдырмауға немесе олардан табысты шығуға мүмкіншілігі бар, жаңа жағдайларға тез бейімделеді. Топтық ахуалды позитивті ыңғайға бұра отырып, жұмысты табысты жасауға ықпал етуге мүмкіншілігі бар. Бұл алынған мәліметтер эмоционалды интеллект пен лидерлік арасында тікелей толық корреляция бар екенін көрсетпеді, бірақ дегенмен де қандай да бір деңгейдегі орташа байланыс бар екені анықталды. Біз эксперимент нәтижесіне әсер етуші басқа факторлар да бар екенін назардан шығармаймыз. Осы ақпараттарға сүйене отырып, эмоционалды интеллект деңгейін жоғарылату тәсілдерін анықтап, оны көтеру жұмыстарын жүргізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Belbin, P. M. *Komandy menedzherov. Sekrety uspekha i prichiny neudach [Tekst] / P. M. Belbin.* – М.: Izd-vo «Hippo», 2003. – 315 s.
2. Goulman, D. *Emocional'noe liderstvo: Iskusstvo upravleniya lyud'mi na osnove emocional'nogo intellekta.* – М.: Al'pina Biznes Buks
3. Lyusin, D.V., Ushakov D.V. *Social'nyj intellekt. Teoriya, izmerenie, issledovaniya* – М.: Izdvo «Institut psihologii RAN», 2004. – 176 s.
4. Andreeva, I.N. *Emocional'nyj intellekt: issledovaniya fenomena // Voprosy psihologii.* 2006. № 3. S. 7886
5. *Metodika samoocenki liderskih kachestv "YA – lider" // Psihologo-pedagogicheskaya diagnostika pri realizacii liderskih programm.* – Rostov-na-Donu, 2008

6. Lyusin D.V. Novaya metodika dlya izmereniya emocional'nogo intellekta: oprosnik EmIn // *Psihologicheskaya diagnostika*. 2006. № 4. S. 3 – 22.

МРНТИ:15.31.31

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.12>

Т.Б. Тәжібаев¹, П.Т. Бекжүрсін¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ МАҒЫНА ҚҰРЫЛУ – ТҮЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақала тұлғаның эмоционалды интеллектінің даму мәселесін зерттеуге арналған. Мақалада эмоционалды интеллектінің дамытудың мүмкіндігі қарастырылған. Бұл жұмыста тұлғаның осы сапасын дамытудың қажеттілігі, сондай-ақ, оның тұлғаны өсуі, тұлғаның табысты әлеуметтенуі үшін маңызы негізделеді. Сондай-ақ, ғылыми мақалада оқыту процесіндегі мағына құрылу тұлғаның эмоционалды интеллектісін дамытудың негізі ретінде қарастырылады. Бұл жұмыста «эмоционалды интеллекті» ұғымының мәні талданады, оның құрылымдық құрамдас бөліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: мағына құрылу, интеллект, эмоционалды интеллект, тұлғаның эмоционалды интеллектісінің қалыптасуы, эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері, эмоционалды интеллектінің қалыптасу кезеңдері, тұлғалық даму процесі, тұлғаның эмоционалды интеллектінің қалыптасу кезеңдері.

Тажібаев Т.Б.¹, Бекжүрсін П.Т.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

СМЫСЛООБРАЗОВАНИЕ В СОВМЕСТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Статья посвящена изучению проблемы развития эмоционального интеллекта личности. В статье рассматривается возможность развития эмоционального интеллекта. В работе обосновывается необходимость развития данного личностного качества, а также его значение для успешной социализации личности, ее личностного роста. Также в научной статье рассматривается смыслообразование в процессе обучения как основа развития эмоционального интеллекта личности. В работе анализируется сущность понятия «эмоциональный интеллект», рассматриваются его структурные компоненты.

Ключевые слова: смыслообразование, интеллект, эмоциональный интеллект, формирование эмоционального интеллекта личности, структурные компоненты эмоционального интеллекта, этапы формирования эмоционального интеллекта, процесс личностного развития, этапы формирования эмоционального интеллекта личности.

Т.В. Tazhibayev Tazhibayev¹, P.T. Bekzhursin¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

Abstract

The article is devoted to the study of the problem of the development of emotional intelligence of the individual. The article considers the possibility of developing emotional intelligence. The paper substantiates the need for the development of this personal quality, as well as its importance for the successful socialization of the individual, his personal growth. Also, the scientific article considers the meaning formation in the learning process as the basis for the development of emotional intelligence of the individual. The paper analyzes the essence of the concept of "emotional intelligence", considers its structural components. The study presents the conditions and the main stages of the formation of emotional intelligence of the individual.

Keywords: *meaning formation, intelligence, emotional intelligence, the formation of the emotional intelligence of the individual, the structural components of emotional intelligence, the stages of the formation of emotional intelligence, the process of personal development.*

Қазіргі кездегі қоғамдық өмірде болып жатқан әртүрлі өзгерістер, оған белсенді араласып, оның талаптарын өз бетінше шеше алатын, ортаға бейімделгіш, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бұның өзі адамның қоршаған ортаға табысты бейімделіп, өзінің бар мүмкіндігі мен тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға көмектесетін эмоциялық интеллектісін дамыту мәселесімен тікелей байланысты. Атап айтқанда, бүгінгі күннің негізгі психологиялық мәселелесіне айналып отырған тұлға үшін өмірлік жағдайдың күрделенуі, адамдар арасындағы зорлық-зомбылықтың, бәсекелестіктің, стрессогендік және эмоциогендік факторлардың артуы мен оның тікелей салдары ретінде көрінетін тұлға үшін өмірдің құнсыздануы, өкініштер, депрессияға салыну, денсаулықтың бұзылуы секілді қазіргі қоғамдық болмыста кездесетін құбылыстардың алдын алу, тұлғаның эмоциялық интеллектісін тереңірек зерттеуді талап етеді. Әсіресе, еліміздің өркениетті-техникалық дамуында қоғамның өндіргіш күші болып табылатын адам мүмкіндіктерін жан-жақты жетілдіру, оның электронды жүйелермен өзара әрекеттестігін психологиялық зерттеудегі қоғамдық қажеттіліктердің барынша артуы, шығармашылық пен ұжымдық еңбектегі бірлескен іс-әрекетті жетілдіру, сонымен қатар оқыту процесіне, оның белсенді әдістері мен жаңа технологияларын енгізу, білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын іздеу секілді көптеген күрделі мәселелерді шешу тұлғаның эмоционалды интеллектісін тереңірек оқып үйренуді қажет етеді. Соңғы жағдай тұлғаның эмоциялық интеллектісін оқыту процесінде даму мен қалыптастырудың психологиялық механизмдерін ашып көрсетуде ерекше мәнге ие болып отыр.

Көптеген психологтардың айтуынша қазіргі кезде тұлғаның мінез-құлқынан байқалатын шамадан тыс аффективтілік, еліктегіштік, сенгіштік, аңғалдық секілді қасиеттері, оның нәтижесі әртүрлі жағымсыз салдарларға алып келетін қайғылы жағдайлармен аяқталады. И.Н. Андрееваның айтуынша адамның денсаулыққа зиянды түрлі қолайсыз әсерлерге стресстік күймен дұрыс жауап қайтармауы, оның «эмоциялық мәдениет» деп аталатын психикалық құбылыстың төмен деңгейде қалыптасуының нәтижесі болып табылады [1]. Нәтижесі әртүрлі мазасыз көңіл-күйлер туғызатын жағымсыз әсерлерден адам өз психикасы мен денсаулығын сақтау үшін аулақ болуға тырысады. Бірақ өмірде қалпына келтіруге болмайтын жақын адамыңды жоғалту, өмірден түңілу, өмірлік мағынадан айрылу секілді стрессогендік факторлар көп болғандықтан, адам одан қашып құтыла алмайды. Осыған байланысты И.Н. Андреева өз еңбегінде қолайсыз жағдайлардан қашамын деп адам тұлғалық даму мен өсу әлеуеті үшін аса қажетті барлық мүмкіндіктерді жіберіп алатынын айтады [1].

Олай болса, қоршаған ортаға бейімделе алатын, жан-жақты үйлесімді дамыған адам тұлғасы алда болатын түрлі стресстік күйлерді болдырмауға ұмтылып қана қоймай, өзінің бар күші-жігерін онымен күресудің стратегиялық тәсілдерін жасауға да бағыттауы тиіс. Бұл тұлғаның өзі мен өзгелердің эмоциялық сезімдерін танып білу мен басқаруын қаматасыз ететін оның эмоциялық интеллектісінің даму деңгейімен анықталады.

Сондықтан, қазіргі кезде адамның басқалармен қарым-қатынасында көрінетін, оның эмоциялық ақыл-ойын, эмоционалды мәдениетін зерттеу психология ғылымында өзекті мәселе болып табылады. Адамның эмоционалық ақыл-ойы мен парасатын, эмоциялық сауаттылығын,

оның эмоционалды мәдениетін қазіргі психологияда эмоционалды интеллекті деп атайды. Эмоционалды интеллекті деп адамның өзі мен басқалардың сезімдерін, ниеттері мен қалауларын түсініп, эмоциясын тануды, сондай-ақ, күрделі міндеттерді шешу кезінде өз эмоциясы мен өзгелердің эмоциясын басқара білу қабілетін айтады. Бұл терминді ғылымға алғаш рет ұсынған Дж. Мейер мен П. Сэловей секілді ғалымдар «эмоционалды интеллектіні» интеллектінің негізгі түрлерінің бірі ретінде қарастырады [1, 37 б.].

Солай десек те Дж. Мейер мен П. Сэловей ұсынған эмоционалды интеллекті ұғымы кеңес психологиясы үшін жаңалық емес. Өйткені, кеңес психологиясында аффекті мен интеллектінің бірлігі жөніндегі идеяны алғаш көтерген Л.С. Выготский болды. Ол өзінің 1930 жылдары жазған еңбектерінде: «аффективті мен интеллектуалды процестердің бірлігін көрсететін динамикалық мағыналы жүйе бар», - деп атап көрсетеді [2, 679 б.]. «Өздеріңізге белгілі, біздің санамыздың интеллектуалдық жағын, оның аффективті, еріктік жағынан бөліп алу барлық дәстүрлі психологияның негізі мен түп тамырын құртумен бірдей кемшілік болар еді», - дейді ол [2, 679 б.]. «Бұл жағдайда ойлау, сөзсіз ойлаушы ойдың дербес ағымына айналады, ол барлық тіршілік өмірдің толықтылығынан айрады ...», деп оны өзі нақтылай түседі [2, 679 б.].

Мұндай пікірді С.Л. Рубинштейн де ұстанды: «эмоционалдылық немесе аффективтілік – бұл қашан да шындықты - өзіне тән ерекше түрде болсын - танымдық процестермен бейнелейтін процестердің өзіне тән ерекше бір жағы болып табылады. Осылайша эмоционалды процестер бір-біріне қарама-қарсы қоюды жоққа шығаратын, сыртқы танымдық процестер қарама-қайшылықта бола алмайды. Адам эмоциясының өзі, әдетте эмоционалды және интеллектуалды бірліктерден тұратын танымдық процестер секілді, эмоциялық және интеллектуалдық процестердің бірлігінен құралады» [3, 552 б.]. С.Л. Рубинштейннің пікірі бойынша интеллектуалдық процестердің өзі эмоциясыз жүзеге асуы мүмкін емес. Ол былай деп жазады: «...пікір ойлау процесінің іске асыратын негізгі актісі немесе оның бір формасы болып табылады, ол тек интеллектуалдық актілерде ғана сирек көрінеді» [3, 331 б.]. С.Л. Рубинштейннің Л.С. Выготскийден айырмашылығы сол, ол өзін «аффекті мен интеллектінің» бірлігі жөніндегі идеяның жақтаушысы ретінде көрсетіп қана қоймай: «шындығында тұлға өміріндегі эмоция мен интеллектінің бірлігі туралы ғана емес, интеллектінің өз ішіндегі бірлік секілді эмоция ішіндегі эмоциялық немесе аффективті және интеллектуалды бірліктер туралы да айту керек» деп жазады [3, 562 б.]. Демек Л.С. Выготскийдің бұл идеясын одан әрі дамытқан С.Л. Рубинштейн бойынша да ойлаудың өзі эмоциялық және рационалдық процестердің бірлігінен тұрады, ал эмоция эмоционалды және интеллектуалды процестердің бірлігінен құралады.

А.Н. Леонтьев өз зерттеулерінде адамның ойлау әрекетінің құрамында эмоциялық (аффективтік) реттелудің болатынын дәлелдеді [4]. Дегенмен көптеген психологтар Л.С. Выготскийдің осы идеясының қазіргі кездегі психологияда өз орнын таба алмай отырғанын айтады. Бұған дәлел ретінде Д.Б. Элькониннің қазіргі бала психикасының дамуын қарастырудағы басты кемшіліктерге ақыл-ой процестерінің дамуы мен тұлға дамуының (соның ішінде эмоциялық дамудың) арасындағы алшақтықты айтуға болар деген пікірін айтуға болады [5].

Қазіргі кезде эмоциялық интеллектіні зерттеу И.Н. Андрееваның, Д.В. Ушакованың, Д.В. Люсинаның, С.П. Деревянконың, О.А. Гулевичтің, В.В. Овсянникованың, Е.А. Сергиенконың, Т.А. Сысоеваның, О.В. Белокопның және т.б. еңбектерінде қарастырылған. И.Н. Андреева эмоционалды интеллектіні нақты жағдайлардағы адамның басқа адамдармен тікелей өзара әрекеттестігінде көрінетін әлеуметтік-практикалық интеллектінің бір бөлігі деп түсіндіреді. Оның түсінігінде эмоционалды интеллекті эмоциялық ақпараттарды пайдалану мен өңдеуде, талдауда жүйелі түрде көрінетін қабілеттілік болып табылады. И.Н. Андреева эмоционалды интеллектінің иерархиялық құрылымынан, оның мынадай түрлерін: индивидтің эмоционалды интеллектісін, іс-әрекет субъектісінің эмоционалды интеллектісін және тұлғаның эмоционалды интеллектісін бөліп шығарды.

Оның айтуынша индивидтің эмоциялық интеллектісі эмоционалды ақпараттарды өңдеуді қамтамасыз ететін адамның когнитивті процестерінің табиғи мүмкіндіктерімен байланысты. Ал іс-әрекет субъектісінің эмоциялық интеллектісіне адамның бүкіл өмірінде қалыптасқан эмоциялық білімдер мен ептіліктерді, дағдыларды және оларды басқаруды қамтамасыз ететін эмоция-

ларды түсіну қабілетін жатқызуға болады. И.Н. Андреева тұлғаның эмоциялық интеллектісін дамудың өміршеңдігімен, әлеуметтілігімен байланыстырады, сондай-ақ, эмоциялық интеллектінің бірқатар әлеуметтік сипаттамалармен өзара байланысты болып келетіндігін ерекше атап көрсетеді. Осы жағынан алғанда, И.Н. Андреева ұсынған эмоциялық интеллекті түсінігін когнитивті құрамдас бөліктерде айқын көрінетін когнитивті-тұлғалық құрылым ретінде, эмоцияларды ұғыну мен оларды басқаратын ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы ретінде, сондай-ақ білім, ептілік, дағды, операциялар мен эмоциялық ақпараттарды өңдеумен байланысты интеллектуалдық іс-әрекеттердің стратегиясы ретінде қарастыруға болады. Эмоциялық интеллектінің осындай қасиеті тұлғаның қоршаған ортаны шынайы танып білуі мен оған белсенді ат салысуына, бейімделуіне, басқалармен тілдесіп ақпараттар бөлісуіне көмектесетіні сөзсіз. Бірақ, адамның қоршаған ортамен байланысын сипаттайтын, оның эмоциялық интеллектісін қалайша қалыптастыруға және дамытуға болады, міне бұл сұрақ психология ғылымында әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелер қатарына жатады.

Психологиялық әдебиеттерде адамның эмоциялық интеллектісінің дамуына қатысты әртүрлі көзқарастар айтылады. Эмоционалды интеллекті моделінің авторлары Дж.Мейер, П.Сэловей, Д.Карузо эмоционалды интеллекті адамның тұрақты қабілеті, ал эмоциялық білімдер эмоционалды интеллектінің әртүрлі операциялар жасауына мүмкіндік беретін ақпараттардың бір түрі болғандықтан, оны оқыту процесінде оңай меңгертуге болады деп есептейді. Д.Слайтер, Д.Гоулман, Э.Л. Носенко, Н.В. Ковриг дейтін ғалымдар эмоциялық интеллектіні балада мақсатқа бағытталған оқу-тәрбие процесінде, ал ересек адамдарда арнайы ұйымдастырылған тренингтер арқылы қалыптастыруға болады дейді.

Ал кейбір ғалымдар эмоциялық интеллектіні қалыптастырудың сензитивтік кезеңі балалық шақта ғана болады. Өйткені, балалық шақта қаланатын әдеттер мен ептіліктер жүйке жүйесінің құрылымындағы негізгі синаптикалық жолдардың қалыптасуына жағдай жасап, өскесін оны өзгерту қиын болады дейді. Бұл ғалымдар ересек адамдағы эмоциялық интеллектіні өзгерту жоғарғы жүйке жүйесін қайта жасаумен бірдей деп есептейді.

О.И. Власова керісінше, мидың жүйке жолдары адам өмірінің орта шеніне дейін дами береді, сондықтан, адамның эмоцияларды саналы түрде басқару қабілеті есейген кезде күшейеді, осыдан ересек адамдардың эмоциялық шеңберін дамытуға және өзгертуге болады дейтін түсінік келіп шығады дейді.

Кезінде Л.С. Выготский: «баланың мәдени дамуындағы барлық қызметтер сахнада екі рет, екі жоспарда – алдымен әлеуметтік, одан соң – психологиялық. Интрапсихикалық категория секілді алдымен адамдар арасында, сосын интрапсихикалық категория секілді баланың ішінде көрініс табады», - деген еді. Л.С. Выготскийдің соңынан А.Н. Леонтьев те: «адамның сыртқы өзіне тән ерекше психологиялық процестері тек қана адам мен адамның өзара әрекеттестігінде, яғни интерпсихологиялық түрде туындауы мүмкін; сосын барып индивид өздігінен орындай бастайды», дейді.

Іс-әрекет теориясының негізін салушылардың осы айтылған ойларына сүйеніп, қазақтың көрнекті психологі С.М. Жақыпов интериоризацияны, яғни сыртқының ішкіге айналуын бірлескен іс-әрекетте қарастарады [6]. Оның айтуынша бірлескен іс-әрекеттің белгісі оған қатысушыларда ортақ мотивтің болуымен анықталады. Бұл мотив бірден пайда болмайды, біртіндеп қалыптасады, алдымен ол жалған бірлескен іс-әрекеттен басталады. Мұнда ортақ мақсат пен ортақ міндет қалыптасады, ал іс-әрекеттің мотиві мен мағынасының қалыптасуы әлі алда болады. Кейін ол бірлескен іс-әрекетке айналады, мұнда іс-әрекеттің ортақ мотиві қалыптасады. Іс-әрекеттің жалған болуының себебі мынада. Әдетте адамның мотивациялық-қажеттілік шеңбері екі түрлі қызмет атқарады: оның бірі оятушы қызмет, ал екіншісі атқарушы қызмет. С.М. Жақыповтың айтуынша кішкене балада мотивтің оятушы қызметі болғанымен атқарушы қызметі болмайды. Себебі, ол дамып қалыптаспаған. Бұл қызметті баламен бірлескен іс-әрекетке түскенде үлкендердің өзі атқарады. Сондықтан, үлкендердің осы іс-әрекеті бала үшін жалған болады. Белсенділіктер біртіндеп үлкендерден балаға ауысқанда интериоризация процесі жүреді. Соның нәтижесінде бала үлкендер іс-әрекетінің қарапайым түрлерін меңгереді. Мұнда баланың ең алғашқы жалған индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Бала үлкендермен

тағы да бірлескен іс-әрекетке түскенде осының негізінде оның бұл әрекеті күрделеніп, нәтижесінде баланың шынайы индивидуалды бірлескен іс-әрекеті қалыптасады. Мұнда атқарушы қызметтер үлкендер мен баланың арасында теңдей болуы мүмкін. Осы процесс бірнеше рет қайталанғанда баланың индивидуалды іс-әрекеті күрделеніп, соның салдарынан бірлескен іс-әрекет қалыптасады. Мұнда іс-әрекеттің мағыналары сәйкес келіп, бірлескен іс-әрекеттің ортақ мотиві құрылады.

Олай болса, тұлғаның өз эмоциялары мен өзгелердің эмоциялық күйлерін айырып тануға мүмкіндік беретін эмоционалды интеллектісін дамытып, қалыптастыру үшін оны С.М. Жақыпов айтқан бірлескен іс-әрекеттегі мағына құрылу процесін қарастыру керек. Сондай-ақ, С.М. Жақыпов топтық оқыту жағдайында бірлескен ойлау іс-әрекетін табысты қалыптастыру үшін бірінші кезекте олардың мотивациялық-мағыналық құрылымдарын қалыптастырып алудың маңызының зор екенін айтады. «Бұл үшін ең маңызды шарт», - дейді ол: «оқыту процесінде білімді ғана емес, ең алдымен осы білімнің мағынасын оқушыларға ашып беру болып табылады» [6, 65 б.]. Сондықтан, тұлғаның өзінің эмоциялық күйлері мен басқалардың эмоциялық күйлерін айырып тануға, басқаруға деген қабілетін дамыту үшін оқыту процесінде осы айтылған эмоциялық білімдердің мәнін ғана емес, ең алдымен олардың мағынасын да ашып беруге баса назар аудару қажет. Сонда ғана тұлғаның қоршаған ортаға табысты бейімделуі мен өзін-өзі тұлға ретінде көрсете алуын қамтамасыз ететін, олардың эмоционалды интеллектісін дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Andreeva I.N. *Emocional'nyj intellekt kak fenomen sovremennoj psihologii* / I.N. Andreeva. – Novopolock: PGU, 2011. – 388 s.
2. Vygotskij L.S. *Myshlenie i rech' // Psihologiya razvitiya cheloveka*. – M.: Izd-vo Eksmo, 2003. – S. 664-1019.
3. Rubinshtejn S.L. *Osnovy obshchej psihologii*. – SPb.: Piter, 2004. – 713 s.
4. Leont'ev A.N. *Deyatel'nost'. Soznanie. Lichnost'*. – M.: Politizdat, 1975. – 304 s.
5. El'konin D.B. *K probleme periodizacii psihicheskogo razvitiya v detskom vozraste // Vopr. psihol.* 1971. № 4. – S. 6-20.
6. Dzhakupov S.M. *Psihologiya poznavatel'noj deyatel'nosti*. – Alma-Ata: KazGU, 1992. – 195 s.

МРНТИ: 15.81.70

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7847.13>

Г.Б. Нуетбаева¹, Ж.У. Шегебай¹

¹Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ПСИХОЛОГ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада психологтардың кәсіби қызметке бейімделуінің психологиялық-педагогикалық моделі келтірілген. Оның негізін профессор А.А. Вербицкий жазған контекстік білім беру теориясы мен технологиясы құрайды. Педагогикалық технологиялар және осы теорияның негізгі принциптері егжей-тегжейлі сипатталған. Кәсіби қызметке бейімделудің тиімділігіне әсер ететін жаңадан келген мамандарды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі факторлары мен шарттары анықталды. Ұсынылған модель мотивациялық компонентті және жаңа маманның танымдық қажеттіліктерін сақтай отырып, оның психологиялық қиындықтар деңгейін төмендету және кәсіби қызметке бейімделу мерзімін азайту мәселесін шеше отырып, оқудан квази-кәсіби қызметке біртіндеп ауысуды біріктіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: контекстік білім берудің теориясы мен технологиясы, кәсіби қызмет, психологиялық-педагогикалық бейімделу, педагогикалық технологиялар.

Ниембаева Г.Б.¹, Шегебай Ж.В.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ АДАПТАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ-ПСИХОЛОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье представлена психолого-педагогическая модель адаптации выпускников-психологов к профессиональной деятельности. Ее основу составляет теория и технология контекстного образования, автором которой является профессор А.А. Вербицкий. Подробно описаны педагогические технологии и базовые принципы данной теории. Выделены ключевые факторы и условия психолого-педагогического сопровождения начинающих специалистов, влияющие на эффективность адаптации к профессиональной деятельности. Представленная модель позволяет интегрировать постепенный переход от учебной к квази-профессиональной к последующей профессиональной деятельности, с сохранением мотивационного компонента и познавательных потребностей начинающего специалиста, решая задачу снижения у него уровня психологических трудностей и уменьшения срока адаптации к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: теория и технология контекстного образования, профессиональная деятельность, психолого-педагогическая адаптация, педагогические технологии.

G.B. Nietbaeva¹, Zh.U. Shegebay¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF ADAPTATION OF PSYCHOLOGY GRADUATES TO PROFESSIONAL ACTIVITY

Abstract

The article presents a psychological and pedagogical model of adaptation of graduate psychologists to professional activities. It is based on the theory and technology of contextual education, the author of which is Professor A.A. Verbitsky. The pedagogical technologies and the basic principles of this theory are described in detail. The key factors and conditions of psychological and pedagogical support of novice specialists that affect the effectiveness of adaptation to professional activity are identified. The presented model allows integrating the gradual transition from academic to quasi-professional to subsequent professional activity, while preserving the motivational component and cognitive needs of a novice specialist, solving the problem of reducing the level of psychological difficulties and reducing the period of adaptation to professional activity.

Key words: theory and technology of contextual education, professional activity, psychological and pedagogical adaptation, pedagogical technologies.

Қазіргі уақытта психологиялық кеңес беру қоғамда сұраныс пен танымалдылыққа ие. Адам туралы әртүрлі білімдердің болуы мамандардың өзін-өзі кәсіби тұрғыда танытуына үлкен мүмкіндік беруде. Алайда, жас мамандарды психологиялық кеңес беруге қалыптасқан жүйе бойынша, яғни, мұғалімнен-оқушыға, дәріс немесе семинар түрінде дайындау, бүгінгі қоғамның сұранысына сай кәсіби қызметкер әзірлей алмайды. Бұл білім беру жүйесінің жұмыс принциптерін түбегейлі қайта қарастыруды, өткен дәуірден мұраға қалған идеяларды өзгерту және айтарлықтай түзетулер енгізу қажет екенін айқындап тұр.

Жас маман даярайтын ЖОО негізгі тәжірибесі көбінесе, студентке, «шаблондық» білімді беру болып табылады, ал жұмыс берушінің міндеті – жаңа уақыттың сын-қатерлеріне дайындал-

ған «дайын маманды» жұмысқа алу. Мұнда білім беру жүйесі мен еңбек нарығындағы сәйкессіздікті байқауға болады. Қазіргі заманғы түлектен жұмыс берушілер нақты дағдыларды, білімді, іскерлікті, сондай-ақ міндеттерді шешуге креативті тәсілді талап етеді.

Жас маманның ЖОО оқу кезеңі оның әлеуметтік жетілуімен, қарқынды моральдық-эстетикалық қалыптасуымен, кәсіби өмір жолын модельдеумен, өмірге деген рефлексиялық көзқарасының даму кезеңімен сәйкес келетіні белгілі. Студент қоршаған ортаның мақсатты әсерінің объектісі ғана емес, өзін және қоршаған ортаны қалыптастырудың белсенді субъектісі ретінде әрекет ететіні түсінікті. Жас маманға жұмысқа орналасу кезінде жылдам бейімделуге көмектесетін қасиеттерді қалыптастыруға көмектесуге болады [1].

Жұмыс берушілер қандай қасиеттерді бағалайды?

- ойлау кеңдігі;
- белсенділік және көшбасшылық қасиеттер;
- шығармашылық;
- кәсіби ынта;
- тұлғалық жетілу;
- мақсат қою және оларға жету мүмкіндігі;
- эмоцияны бақылау және психологияны білу.

Ал келесі қасиеттерді маңызды деп атап көрсетеді.

- жас маманның жалпы даму деңгейі және базалық білімі;
- жүйелі ойлау қабілеті, үлкен көлемде ақпаратты өңдеу және негізгі заттарды оқшаулау мүмкіндігі;

• алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, командалық жұмыс дағдылары, үнемі оқуға деген ықылас пен ынта;

- мансапқа ұмтылу, мақсаттылық, маман ретінде өзін-өзі бағалаудың жеткіліктілігі.

Бітіруші психологтардың кәсіби қызметіне бейімделуінің психологиялық-педагогикалық моделін әзірлеу негізінде контекстік білім беру теориясы мен технологиясы жатыр. Бұл теорияның негізгі көздеріне:

1. Қызмет теориясы. Отандық психологияда дамыған әлеуметтік тәжірибені игерудің психикалық құбылыстарын зерттеудің әдіснамалық және теориялық принциптерінің жүйесі ретінде.

2. Әр түрлі педагогикалық технологиялардың көмегімен оқытуды ұйымдастырудың инновациялық тәжірибесі.

3. «Контекст» санаты білім алушының санасында оның нақты жағдайдағы мінез-құлқы мен қызметінің ішкі және сыртқы жағдайларының көрінісі ретінде.

Бұл ретте оқу процесін тікелей кәсіби қызметке кіріктіру маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Мәтінмәндік білім беру теориясындағы ең маңыздыларының бірі болып табылатын қызмет теориясына сәйкес мақсаттар белгілі бір күрделілік деңгейіндегі әрекеттерді орындауға қол жеткізуді білдіреді [2].

Заманауи педагогикалық технологиялардың негізгі қасиеттері мен құрылымына сүйене отырып, модельді әзірлеу үшін келесі критерийлер анықталды:

1. Жүйелілік. Педагогикалық технология жүйенің барлық белгілерін қамту керек: процестің логикасы, оның барлық бөліктерінің өзара байланысы, тұтастық.

2. Технологиялығы. Оқыту моделі негізгі әдіснамалық талаптарды (технологиялылық критерийлерін) қанағаттандыруы тиіс.

3. Тұжырымдамалық. Белгілі бір ғылыми тұжырымдамаға сүйену, оның ішінде білім беру мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік педагогикалық негіздемесі бар. Бұл зерттеуде тұжырымдамалық негіз - Контекстік оқыту технологияларын қолдана отырып, контекстік білім беру теориясы болып табылады.

4. Басқарылуы. Диагностикалық мүмкіндікті болжайды, мақсат қою, жоспарлау, оқу процесін жобалау, кезең-кезеңмен диагностикалау, құралдармен және әдістер мен нәтижелерді түзету.

5. Тиімділік. Бәсекелестік жағдайларға төтеп беру мүмкіндігі, тиімді нәтижелерді көрсету, оқытудың жоғары стандартына қол жеткізуге кепілдік беру [3].

Мәтінмәндік білім беру теориясының негіздері мен принциптерін ұстану оқушының кәсіби қызметіне ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тәжірибені игеру процесін жеделдетеді.

Осылайша, Контекстік оқыту технологияларын қолдана отырып, контекстік білім беру теориясына, сондай-ақ жоғарыда аталған іс-қимыл алгоритмдеріне сүйене отырып, психологтарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық бейімдеудің моделі жасалды. Контекстік оқытудың педагогикалық технологиялары оқытушыға оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін таңдауға кең мүмкіндік береді. Бұл ретте оқу процесін тікелей кәсіби қызметке кіріктіру маңызды құрамдас бөлік болып табылады.

Жасалған іс-әрекеттер алгоритміне сәйкес психологтарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық бейімдеудің моделі жасалды: «Психологиялық кеңес беру шеберханасы: кәсіби қызметін бастаған психологтар үшін тағылымдама». Мақсаты-психолог-түлектерді кәсіби қызметке бейімдеудің тиімді психологиялық-педагогикалық моделін құру; кәсіби қызметін жаңа бастаған маманның білім беруден кәсіби қызметке көшу кезіндегі бейімделу мерзімін азайту; кәсіби жолдың басындағы психологиялық қиындықтар деңгейін төмендету.

Біз ұсынған модель кәсіби қызметке сәтті бейімделу процесін үш негізгі деңгейде қарастырады:

1. Когнитивті құрамдас бөлігі. Психолог-консультанттың кәсіби қызметінің принциптері мен негіздерін түсіну; пәннің теориялық негіздерін білу; рәсімдер туралы анық және айқын түсінік және психологиялық сессияны өткізу қағидалары.

2. Психологиялық компонент. Кәсіби қызметті бастамас бұрын психо-эмоционалды стресс деңгейінің төмендеуі; психологиялық тосқауылдың және "біліксіздік" сезімінің болмауы; өзіне деген сенімділік, жұмыс істеуге және кәсіпте дамуға деген ұмтылыс.

3. Мінез-құлық компоненті. Негізгі қызметпен қоса мамандық бойынша жұмысқа орналастыру немесе жеке практика.

Контекстік білім теориясының тағы бір маңызды категориялық элементі - әрекет пен әрекет ету. «Сөздің шынайы мағынасындағы әрекет (поступок) – бұл адамның кез-келген әрекеті емес, тек адамның басқа адамдарға, қоғамға, әлеуметтік нормаларға, қоғамдық моральға саналы қатынасы [4]. Контекстік білім беру теориясының міндеттері алынған білім мен дағдыларды тікелей кәсіби қызметте қолдана білу, сонымен қатар оқу процесінде әр студенттің жеке тәжірибесін алуы болып табылады. Бұл міндеттер жас мамандардың жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мақсаттарына қол жеткізуге арналған контекстік оқытудың педагогикалық технологияларының көмегімен жүзеге асырылады: контекстік типтегі дәрістер (проблемалық, дәріс-визуализация, жоспарланған қателіктері бар дәрістер), іскерлік ойын, нақты жағдайды талдау әдісі, рөлдерді ойнау және т.б. Осы педагогикалық технологияларды іске асыру мақсаты – студентті кәсіби контекстке енгізу; болашақ мамандықтың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын таныстыру; кәсіби қызметке жауапты және дәлелді көзқарасты қалыптастыру.

Мінез-құлық. Кәсіптегі өз әлеуетін іске асыруға бағытталған іс-шаралар: кабинетті іздеу және жалға алу, визиткаларды жарнамалау мен басып шығаруды ұйымдастыру, клиенттерді белсенді тарту және т.б.; ұйымда немесе жеке практикалық қызметте жұмысқа орналасу; тар бейінді мамандануға қол жеткізу мақсатында оқуды жалғастыру; тіл тапқыштық, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсету.

1-суретте көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, студенттің академиялық оқу қызметінен кәсіби, содан кейін оқу-кәсіби қызметке біртіндеп ауысуы есебінен жүзеге асырылатын кәсіби қызметті әдістемелік және дәйекті модельдеу болжамы жасалған.

Кәсіби қызметке сәтті бейімделудің негізгі критерийлерін анықтағаннан кейін мазмұны бойынша тиісті оқу материалын таңдау міндеті қойылды. Негізгі факторлар: уақыт бойынша шектеу (3 ай), оқу материалының іс жүзінде бағдарланған мазмұны, әдістемелік кешеннің қолжетімділігі, кәсіби қызметке барынша жақындатылған оқыту нысаны мен әдістері болып табылады.

Психолог түлектерінің кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық бейімделу моделін жасауға негіз болған Контекстік оқыту технологияларын қолдану, контекстік контекстік білім берудің барлық негізгі принциптеріне сәйкес келеді:

1) студенттің оқу қызметіне тұлғалық-мағыналық қосылуын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету қағидаты;

2) студенттердің оқу іс-әрекетінде мамандардың кәсіби қызметінің тұтас мазмұнын, нысандары мен шарттарын дәйекті модельдеу;

3) білім беру процесіндегі оқыту мазмұнының және оны өрістету процесінің проблемалары;

4) білім беру мақсаттары мен мазмұнына студенттердің оқу қызметін ұйымдастыру нысандарының барабарлығы;

5) білім беру процесі субъектілерінің өзара бірлескен қызметінің, тұлғааралық өзара іс-қимылы мен диалогтық қарым-қатынасының жетекші рөлі (оқытушы мен студенттердің, студенттердің өзара);

6) жаңа және дәстүрлі педагогикалық технологиялардың негізделген комбинациясы;

7) ашықтық қағидаты – нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру процесіндегі оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары бар кез-келген педагогикалық технологиялар ұсынған теориялар мен тәсілдерді қолдану;

8) әрбір білім алушының танымдық, әлеуметтік және рухани-адамгершілік тәжірибесінде қалыптасқан мәдениаралық ерекшеліктерін есепке алу;

9) кәсіби тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі.

Осылайша, контекстік білім беру теориясы мен технологиясының қағидаттарын сақтай отырып, бітіруші психологтарды кәсіби қызметке кезең-кезеңімен «енгізу» моделі кәсіби қызметін жаңа бастаған мамандарға өнімді әлеуметтік-кәсіби қызмет тәжірибесі мен кәсіби құзыреттер алуға көмектеседі. Бұл модельдің маңызды артықшылығы - студенттің бастапқы белсенділігі, ол оқудың алғашқы күндерінен бастап болашақ мамандыққа деген мотивацияның жоғары деңгейін қалыптастырады және студенттің кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық бейімделуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Verbickij A.A. *Teoriya i tekhnologiya kontekstnogo obrazovaniya: Oқu құралы.* – М., 2017.
2. Verbickij A.A. *Pedagogicheskie tekhnologii v kontekstnom obuchenii // Pedagogika i psihologiya obrazovaniya.* 2009. № 3. – S. 48-54.
3. Rubinshtejn s. *ZHalpy psihologiya negizderi.* – М., 1989. Т. II.
4. Slastenin V.A., Isaev I.F. *SHiyarov E.N. Pedagogika: ZHoғary pedagogikalық оқu oryndaryнuң studentterine арналған оқu құралы/ red. V.A. Slastenina.* – М., 2002.

Ф.С. Ташимова¹, Д.Е. Мазитова¹
¹Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМ ШАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАЗАСЫЗДЫҚТЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕОРИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Әлеуметтік мазасыздық жасөспірімнің өмірінің барлық салаларына көрінеді, оның көңіл-күйінің төмендеуіне, отбасымен және достарымен қарым-қатынасының нашарлауына, сабақ үлгерімінің төмендеуіне кері әсерін тигізеді. Мақалада жасөспірімдердегі әлеуметтік мазасыздықты зерттеудің заманауи тәсілдері мен теориялары сипатталған. Әлеуметтік мазасыздық келесі кезеңдер аясында зерттеледі: жас ерекшелік психологиясында-мінез-құлықтың тежелуі және оның биологиялық көздері тұрғысынан; даму психологиясы-жалғыздықтың/оқшауланудың аффективті-мінез-құлықтық профилі және оның ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастағы көздері тұрғысынан; клиникалық психологияда-жеке тұлғаның бұзылуын болдырмау (әлеуметтік фобия), оның диагностикасы, емі және этиологиясы тұрғысынан. Мүмкін болатын зерттеулердің қазіргі заманғы нәтижелері мен перспективалары келтірілген.

Түйін сөздер: жасөспірімдік шақ, әлеуметтік мазасыздық, депрессия, қорқыныш, мазасыздық.

Ташимова Ф.С.¹, Мазитова Д.Е.¹
¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕОРИИ СОЦИАЛЬНОЙ ТРЕВОЖНОСТИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

Аннотация

Социальная тревожность проявляется во всех сферах жизни подростка, отрицательно сказывается на снижении его настроения, ухудшении отношений с семьей и друзьями, снижении успеваемости. В статье описаны современные подходы и теории к изучению социальной тревожности у подростков. Социальная тревожность изучается в рамках следующих этапов: в возрастной психологии-с точки зрения поведенческой отсталости и ее биологических источников; в психологии развития-с точки зрения аффективно-поведенческого профиля одиночества/изоляции и его источников в отношениях между родителями и детьми; в клинической психологии-с точки зрения профилактики расстройства личности (социофобии), ее диагностики, лечения и этиологии. Приведены современные результаты и перспективы возможных исследований.

Ключевые слова: подростковый возраст, социальная тревога, депрессия, страх, тревожность.

F.S. Tashimova¹, D.E. Mazitova¹
¹Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

MODERN THEORIES OF SOCIAL ANXIETY IN ADOLESCENCE

Abstract

Social anxiety manifests itself in all areas of a teenager's life, has a negative impact on a decrease in his mood, deterioration of relations with family and friends, and a decrease in academic performance. The article describes modern approaches and theories to the study of social anxiety in adolescents.

Social anxiety is studied within the framework of the following stages: in age psychology-from the point of view of inhibition of behavior and its biological sources; Developmental Psychology-from the point of view of the Affective-Behavioral profile of loneliness/isolation and its sources in the relationship between parent and child; in clinical psychology-from the point of view of prevention of personality disorder (social phobia), its diagnosis, treatment and etiology. The current results and prospects of possible research are presented.

Keywords: *adolescence, social anxiety, depression, fear, anxiety.*

Жасөспірім сөз тіркесі латынның *adolescere* сөзінен шыққан «өсу» немесе «жетілу» дегенді білдіреді. Жасөспірімдік кезең адамның өмірінің ең маңызды кезеңі болып саналады, себебі адамның дамуына және жарқын болашағының дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Жасөспірімдік шақ адамның балалық шақ пен ересектік кезең арасындағы «өтпелі көпір» секілді рөлді атқарады. Көптеген авторлар, жасөспірімдік кезеңді 11-13 жаста балада болатын жыныстық жетілу мен пубертанттық кезеңнің басталуымен, яғни жасөспірімнің ең ерте шекарасымен байланыстырады. Жасөспірімдік жақтың жоғарғы шекарасы айқын емес, орташа есеппен 16-18 жас аралығын қамтиды. Бұл жастық көрсеткіштер шартты емес, әр адам үшін жеке болып келеді.

Жасөспірімдік кезең басқа жас кезеңдермен салыстырғанда қарама-қайшылықтары көп және үйлесімсіз әрекеттерге толы болып келеді. бұл кезеңде даму тез қарқынмен жүзеге асады, әсіресе тұлғаны қалыптастыру тұрғысынан қарастырғанда, өзгерістерді анық көруімізге болады. Жасөспірімнің басты ерекшелігі-оның тұлғалық тұрақсыздығы немесе пубертанттық кезеңдегі көңіл-күйдің тұрақсыздығы. Қарама-қайшы сипаттар, ұстылыстар, үрдістер өзара күресіп, өсіп келе жатқан жасөспірімде мінез-құлықтың және жүріс-тұрысының сәйкессіздігін анықтайды. Балалық кезеңге тән стресстік жағдайларға, жасөспірім шақтағы тағы «өзіндік стресстік жағдайлар» қосылады: емтихандар, жауапсыз махаббат, өзін басқалармен салыстыру, құрдас-тарымен бәселелестік, ата-анамен тіл табыса алмаудың салдарынан туындаған ұрыстың ушығуы және т. б. Мінез-құлықтың бейімделгіш тәсілдерін үйренбеген, дағдарыстық жағдайдан шыға алу қабілеті қалыптаспаған (осындай жасөспірімдердің ата-аналарында да қажетті дағдылар қалыптаспауы мүмкін) балаға, жасөспірім шақтағы жаңа күйзелістермен күресу қиынға соғатындығы анық. Сол себепті де, жас дамуының осы кезеңдегі әлеуметтік мазасыздығын зерттеу, осы құбылыстың мәнін ашу үшін де, тұтастай алғанда жасөспірімнің эмоционалды саласының даму заңдылықтарын түсіну үшін де өте маңызды болып саналады [1].

Жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздықты зерттеу мәселесінің өзектілігін Батыс және Ресейлік ғалымдар екі он жылдық бұрын түсінді. Себебі бұл мәселенің кең таралуы, жастардың өмір сапасы мен психикалық денсаулығына кері жағымсыз әсерін тигізуде. Ғалымдардың берген мәліметтеріне сүйенсек, мектеп жасына дейінгі балалардың 30%-ында әлеуметтік мазасыздықтың жоғарғы деңгейі анықталған.[2] Бұл көрсеткіштер бала мектепке барғанда және сыныптан сыныпқа өткенде өсетіндігі ықтимал. Соңғы деректерде, әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі 5 және 13 жас аралығындағы оқушыларда айқын көрінетіндігі айтылған[3]. Әлеуметтік мазасыздық термині әдетте әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында туындайтын мазасыздықты білдіреді. Бұл тұжырымдама ұялшақтықтан бастап, әлеуметтік фобия сияқты ауыр бұзылыстардың көрінісін қамтиды. Ұялшақтық, әлеуметтік мазасыздық және әлеуметтік оқшаулану көріністерінің сипаттамасы Ежелгі Грецияда белгілі болған және Гиппократ кезінде сипатталған.

Әлеуметтік мазасыздық - адамның әлеуметтік жағдайда басқа адамдардың бағалауының салдарынан туындайтын қорқыныш, алаңдаушылық, эмоционалды ыңғайсыздық күйі. Әлеуметтік мазасыздық ұялшақтық пен әлеуметтік фобия түсініктерімен тығыз байланысты [Краснова, 4].

Балалық шақтағы әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі ересек кезеңдегі мазасыздықтың бұзылуының алғышарты болып келеді. Жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздық көңіл-күйдің түсі, үмітсіздік, әлеуметтік оқшауланумен қатар жүреді. Жасөспірім шақта бала аутоагрессивті мінез-құлық танытып, суицидтік ойларға беріліп, ішімдікке және нашақорлыққа

әуестеніп, оқу үлегірімі төмендеп, кей жағдайда мектептен шығуға дейін апаруы мүмкін. Жоғары әлеуметтік мазасыздықтан зардап шегетін жасөспірім, өзінің мектептегі үлгерімін, құрдастарымен қарым-қатынасын төмен бағалап, айқын өз-өзіне қол жұмсау белгілерін көрсетеді. Әлеуметтік мазасыздық деңгейі төмен топтармен салыстырғанда, әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталған топта депрессия, өз-өзіне қол жұмсау белгілері басым болып келеді [5].

Батыста әлеуметтік мазасыздық келесі бағыттарда зерттеледі: жас ерекшелік психологиясы-мінез-құлықтық тежелудің биологиялық негізінде; даму психологиясы аясындағы зерттеулерде-жалғыздық пен тұйықтыққа негізделген аффективті-мінез-құлықтың бала мен ата-ана арасындағы және баланың құрдастары арасындағы байланысы; клиникалық бағытта-әлеуметтік фобияның диагностикасын, емдеу жолдарын және этиологиясын қарастырып зерттейді.

Мінез-құлықтық тежелудің негізгі құрлымы-қорқыныш пен сенімсіздік. Кішкентай балада мінез-құлықтық тежелудің көрінісін, яғни, қорқыныш пен сенімсіздік, баланың таныс емес адамдармен қарым-қатынасқа түсуден қашуын, жылау, мазасыздану және анасының қасынан шықпауын бақылауға болады. Мінез-құлықтық тежелудің биологиялық негізі қалқаншабез бен мидың белгілі бөліктері арасындағы төмен байланысы болып табылады.

Мазасыз баладағы жалғыздық немесе тұйықтықтың айқын белгілерін баланың жеке оқшаулануға бейімділігінен, қарым-қатынастағы сенімсіздік, ұялшақтығынан көруге болады. Мазасыз, жалғыздыққа бейім бала құрдастарымен қарым-қатынас орнатқылары келеді, бірақ өздерін теріс бағаланудан қорқып және қабілеттерін көрсете алмаймын деп алшақтадады. Егер мінез-құлықтық тежелу зертханалық жағдайда анықталса, мазасыз балдағы жалғыздық пен тұйықтықты баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу барысында бақылап, анықтауға болады. Мінез-құлықтық тежелу мен мазасыз жалғыздық белгілері бақылауға келетін іс-әрекеттерге жатады[6].

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардағы мазасыздық пен жалғыздық таныс әлеуметтік жағдайда көрінеді, ал мінез-құлықтық тежелу таныс емес, жаңа әлеуметтік жағдайда туындайды. Сонымен қатар, мінез-құлықтық тежелу органикалық табиғатқа ие және балалардағы әлеуметтік жалғыздық пен тұйықтықтың пайда болуының алғышарты болып есептеледі.

Соңғы жылдары ғалымдардың, жасөспірім шақтағы әлеуметтік мазасыздықты тудыратын жасөспірімдегі басқалардың мақұлдауы мен сөгуіне тәуелді өзін-өзі бағалау факторына қызығушылығы артуда. Нидерландыда жүргізілген зерттеуінде, әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейі бар жасөспірімдер, құрдастарының мақұлдауы мен қолдауынан кейін, өздерін бағалау деңгейінің өскені көрсетілген. Ұялшақ баланың мазасыздық, жекешелену, оқшаулану, тұйық мінез-құлық танытуы, басқаларға менмен, өзімшіл болып көрініп, жаңа сенімді қарым-қатынас құруға, балада жағымды тәжірбиенің қалыптасуына, әлеуметтік байланыстың орнауына кері әсерін тигізіп, керісінше мазасыздықтың одан сайын күшейіп дамуына әкеледі [7].

Мазасыздық бұзылыстары бар науқастардың, отбасылық жүйесі симбиотикалық байланыс пен жабық шекаралардан құрылған. R.M. Raper эмоционалдық жылулықтың төмен деңгейінде көрініс табатын, баладағы мазасыздық пен ата-анасының тарапынан туындайтын бақылау мен гиперқамқорлық арасындағы тығыз байланысты зерттеді. R.M. Raper және L.Sweeney өздерінің мақалаларында, әлеуметтік мазасыз емес құрдастарымен салыстырғанда, әлеуметтік мазасыздығы жоғары жасөспірімдердің ата-аналары тарапынан қатаң бақылау мен басқару болғандығын дәлелдейтін зерттеулерді келтіреді. Әлеуметтік фобиясы бар пациенттер, ата-аналарын әлеуметтенуі төмен, басқалардың сөзіне қатты сенгіш, бала тәрбиесінде «ұят» сезімін алға қойып, өздерін тұлғааралық қатынастан оқшаулайды деп сипаттаған.

Мазасыздық бұзылыстары орын алған отбасылардағы отбасылық жүйенің басым ережелері мен идеологиясы зерттелді. Отбасы идеологиясының дисфункциясына перфекционистік құндылықтар (балаға қойылатын тым жоғары талаптар мен баланың жақсы қасиеттерін тиісінше бағаламау), қоршаған адамдарға сенімсіздік таныту мен олардан жеке мәселелерді жасырып

қалу жатады. Бұндай отбасында тәрбиеленген балаларда басқалардың теріс бағалауы мен ашуыза танытуынан қалыпты қорқыныш сезімінің пайда болуын жетелдетеді.

В.В. Краснованың зерттеу жұмысында, әлеуметтік мазасыз студенттердің отбасында, үлкендер тарапынан сыни сөздердің айтылуы жиі орын алып, мүмкін болатын сәтсіздіктерге назар аударылып, теріс эмоцияның шығаруға, өзгелерге сенбеу мен отбасының жабық шекараларын құру көрініс тапқан. Ата-аналардың өзгелерге сенімсіздік танытуы, мазасыздық пен теріс эмоциялардың шықпай қалуы, отбасылық дифункция ерекшеліктері, балада әлеуметтік мазасыздықтың жоғары деңгейінің алғышарт-факторы болап саналады[8].

К. Burgess әлеуметтік жағдайда баладағы тұйықтық пен қысылудың дамуына әсер ететін анасының наным-сенімдерінің моделін ұсынды. Тұйық балалардың аналары өз баласының әлеуметтік және эмоционалды сипаттамаларына тым сезімтал келеді, соның салдарынан, балаларына гипербақылау мен гиперқамқорлық танытады. Ал бала өз кезегінде, бұндай жағдайда сәйкесінше қорғаныс әрекеттерін жасап, теріс эмоциялар шығарады.

Ұлшақтық пен анамен қарым-қатынас арасындағы байланысты анықтауға арналған зерттеуде, 12 мен 24 айлық кездегі балаға анасының қолпаштауы мен ашық қатынасы, әлеуметтік белсенділік танытуы, баладада ұялшақтықтың төмен деңгейін бейнелейді. К.Н. Rubin, К. Burgess және Р. D. Hastings жүргізген лонгитюдті зерттеуінде, 2 жастағы балаға анасының гиперқамқорлық танытуы, балада 4 жасқа келгенде қысылу мен ұяндықтың туындайтынын анықтады. Ұқсас көрініс, анасының баласына саркастикалық және ирониялық қарым-қатынас жасайтын отбасыларда көрінеді, 4 жасқа келгенде бала тұйық мінез-құлық танытатындығы анықталды. Басқа зерттеу жұмысында, жиі ұялшақ балалардың аналары, баласының тұйықтығы мен ұяндығына жүйелі емес қарап, тым көп қадағалау жасайтындығы белгілі болды. Бұндай жағдайда балалар, аналарын тыңдамай, қарысылық танытып, дисфункционалды қатынасты орнатты. J.L. Hudson пен R.M. Raree, ұялшақ балалардың аналары көп жағдайда өздері де әлеуметтік мазасыздықтық танытатындығын анықтады [9].


Аналардың өздеріне берген есебін талдай келе, мазасыз және ұялшақ балалардың аналары, көп жағдайда баласын елемей, оның іс-әрекеттің күнсыздандырып, жазалайтындығы белгілі болды.

